

ПИОНЕР



ЯНВАРЬ

1951 ЖЫЛ
АЛМАТЫ

№ 1




КІТАП ТУРАЛЫ

Адамды мәдениетті етіп тәрбиелеуде екі нәрсе күшті әсер етеді. Ол — искусство мен ғылым. Бұл екеуі де кітапта тоғысқан.

Кітапты сүйіңдер... Ол адамды қадірлей білуге үйретеді, ол ақыл мен жүректі дүниені сүю, адамды сүю сезімімен қанаттандырады.

М. ГОРЬКИЙ





ПИОНЕР

№ 1
ЯНВАРЬ
1951 ЖЫЛ

Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің
айына бір рет шығатын балалар журналы

Шығуына 13 жыл.



Дүние жүзі еңбекшілерінің данышпан көсемі Владимир Ильич Лениннің қайтыс болғанына 27 жыл толды. Совет халқы В. И. Лениннің ісін алға апарушы ұлы Сталиннің басшылығымен коммунистік қоғам орнатуда.

Суретте: В. И. Ленин мен Н. К. Крупскаяның 1922 жылы, Горкиде жиені Витямен және бір жұмысшының қызымен отырған кезі.



„У — 127“

А. КОНОНОВ

Суреттерін салған Н. ЛЕБЕДЕВ.

Москваың Павелец вокзалында бір ерекше паровоз тұр. Кәдімгідей оның да өз номеры бар, ол: «У — 127».

Бұл паровозды номерсізде тануға болады. Ол түгелдерлік қызыл сырмен сырланған, тек трубасы ғана қарамен, дөңгелектерінің табаны ғана ақпен боялған. «У — 127» деген аты алтын түсті бояумен жазылған.

Бұл паровоз шаң-тозаңнан күнбе-күн тазартылып тұрады. Оның үстіне шыныдан шатыр орнатылғандықтан, ішіне ешқандай тамшы тамбайды.

Бұл паровоз бұдан бірнеше жыл бұрын бір сембілікте жасалып шыққан еді.

Ол сембілік бірнеше рет өткізілген болатын. Теміржолшылар демалыс күндері талай рет

бас қосып, 1-май қарсаңында «У — 127» паровозын кұрастырып шықты.

Паровоз тамаша болып бітті. Өйткені оны ең шебер деген ұсталар мен слесарьлер жасап, маман бояушылар сырлап шыққан.

Осыдан кейін теміржолшы жұмысшылар бұл «У — 127» паровозын совет өкметіне тарту етуге, ал Владимир Ильич Ленинді паровоздың хұрметті машинисті етіп сайлауға ұйғарды. Осы жайды хабарлау үшін үш адамнан өкіл бөлініп, Ленинге жіберілді.

Ленин теміржолшыларды қабылдап, істің мән-жайына қанған соң:

— Мен бір кезде паровозда жүріп, қочегар да болған едім ғой. Міне енді машинист болып жоғарылаппын,—деп мыйығынан күлді.



— Теміржолшы жолдастарға менің алғысымды айтыңыз!

Теміржолшылар да күліп жіберді. Октябрь революциясы болардың аз-ақ алдында паровозда кочегар ретінде жүріп, Лениннің жаулардан жасырынғанын бұлардың қайсысы болса да жақсы білетін еді.

Осыдан кейін Ленин, олардан темір жолда жұмыс қалай жүріп жатқандығын сұрады.

Теміржолшылардың сембілігі жөнінде ол бұдан әлде қайда бұрын естіген болатын. Сембіліктерге Ленин көп көңіл бөлетін, мұны ұлы іс деп санайтын еді. Қонақтарымен ол қоштасып тұрып:

— Теміржолшы жолдастарға менің алғысымды айтыңыз, — дегенді өтінді.

«У — 127» паровозы темір жолда аз жұмыс істеген жоқ. Ол жолаушыларды, товарларды тасумен болды, әсіресе Москва заводтары үшін тиелген көмірі бар поездарды көп тасыды.

Бұл паровоз өзінің соңғы сапарын 1924 жылы январьда аяқтады. Бұл сапар Горкиде Ленин қайтыс болған күні, бүкіл халық қайғырған күн еді. Қаралы тулар қадалған «У — 127» паровозы өзінің хұрметті машинисінің денесін сол күні Москваға әкелді.

Міне, содан бері теміржолшылар бұл паровозды Лениннің көзіндегі көріп, сақтап келеді.

Ленин мен бала.

Бір бала Ям селосынан келе жатты. Оның қолында бос қорабы бар еді.

Келе жатқан жолы оған таныс болатын: алдында дала, кішкентай өзен, өзен үстінен салынған көпір бар. Көпірден шығатын сокпақ жол тауға апарады. Сонау ұзын ағаштардың аржағында, шоқының үстінде үлкен ақ үй көрінеді.

Бала сол үйге таяй бергенде, үстіне көк көйлек, аяғына сандал киген бір кісі оны қуып жетті.

Бала әлгі адамға:

— Бұл үйде Ленин тұрады, — деді.

Ана кісі үлкен маңдайынан кепкасын желкесіне қарай бір сырып қойды да, күн сәулесінен сығырайынқыраған көзімен балаға қарады.

«Қала адамы болу керек» деп ойлаған бала, сөзін жалғай түсті.

— Біздің бұл ара белгілі жер. Бізге қаладан адамдар жиі келіп тұрады.

— Жақсы жер екені рас, — деді баланың сөзін құптап көк көйлекті кісі.

Екеуі қатарласып жүріп кетті.

— Ленинді көрер ме еді, — деді бала бір кезде.

— Неге?

— Неге деуге бола ма? Өзі қандай адам екен, көргім келеді.



— Ал мен мына жаққа бұрыламын. Қош бол, Миша.

— Кәдімгі адам. Жұрттың айтуынша, маған ұқсайды. Тіпті екеумізді бір-бірімізден айырып ала алмайсың деседі.

— Олай емес шығар, неге айыруға болмайды.

Әлгі адам шалқая беріп рахаттанып тұрып бір күліп алды да:

— Я, сонымен ұқсамайсың, де?

Бала оның көйлегі мен аяғындағы сандалына қарап өтті де:

— Ленин көк көйлек киюші ме еді? Ол — кара пиджак киеді немесе френч киеді... — деді.

Осылай әңгімемен келе жатып олар биік ағашқа жетті. Ағаштардың артында үлкен ақ үй тиіп тұр еді.

Көк көйлекті адам тоқтай қалды.

— Балақан, атың кім сенің? — деп сұрады ол. — Қайда бара жатырсың?

— Атым Миша. Совхоздан капуста алғалы бара жатырмын.

— Ә, сен тура кетеді екенсің. Ал мен мына жаққа бұрыламын. Қош бол, Миша.

Бала әрі қарай жалғыз кетті. Жол бойында, гүл отырғызылған көшеттердің қасында қолына тырнауыш ұстап бір әйел тұр еді. Бала тақап келгенде, әйел тырнауышқа сүйенді де:

— Сен Ленинмен не жөнінде сөйлестің? — деп сұрады.

Бала қолындағы қорабын жерге қоя салды да, кейін қарай жүгірмек болды.

Бірақ Ленин бұл кезде үйге кіріп кеткен еді.

Аударған М. ӘЛІМБАЕВ.



ТУҒАН ҚАЛА

Бөленген бақыт нұрына
Кім сүймес туған қаласын?!
Шырқаймын қосып жырыма,
Сүйікті Семипалатым!

Есіз алаң, саз, балқаш
Кешірген талай ғасырды.
Өмірде көрдің ең алғаш
Тігілген жеті шатырды...

Жылдарға жыл жамалып,
Жеті шатыр тозғанда.
Өмірден өмір жаңарып,
Екі ғасыр озғанда.

Қалса да әлі сол атың..
Қаламсың көркем, сымбатты.
Сүйікті Семипалатым,
Жаныма жақын, қымбатты.

Көшеңді кезсем ықшамды,
Көремін әсем үйлерді,
Жазда сая — бақшаңды,
Паркіңде жұпар гүлдерді.

Машина үні тынбаған
Фабрика, завод, комбинат.
Жұмысшың онда мыңдаған —
Жүзі жарқын, көңіл шат.

Ертістің балдай суына
Шөлмді талай қандырғам.
Мен үшін қымбат құмың да —
Вашингтон мен Лондоннан...

Нұрлы күн алда баратын,
Өс, көркейіп сымбаттым.
Сүйікті Семипалатым,
Жаныма жақын — қымбатсың!

С. МАШАҚОВ

ЖАҚСЫ ОҚЫНДАР, ЖАС ДОСТАР

Х. ДОСПАНОВА,

ҚЛКЖО Орталық Комитетінің секретары.

Оқу жылының бірінші жартысы аяқталды. Оқушы балалар, сендер қысқы демалысқа шығып, жаңа жылдық ёлкалар көрдіңдер, қызықты саяхаттар жасадыңдар, мұз айдындарында сырғанақ теуіп, кең далада шаңғымен сайран салдыңдар, мәдени орындарда ойынасауық көрдіңдер. Қысқасы әрі тынығып, әрі шынығып, көңілді дем алдыңдар.

Міне, енді оқу жылының екінші жартысы басталып отыр. Әне-міне дегенше, жазғы сынақ та келіп қалады. Мектеп өміріндегі бұл елеулі кезеңге жақсы әзірлену, үздік оқып, сыннан сүрінбей өту — әрбір совет оқушысы, бұл сенің ата-анаң алдындағы борышың; бақытты өмір берген тамаша Отаның алдындағы борышың; данышпан атаң — Сталин алдындағы борышың. Олар саған үлкен сеніммен қарайды. Коммунизм кұру жолындағы болашақ қайраткер, болашақ азамат, жарқын өміріміздің ертеңгі қуанышы сенсің, жас ұрпақ.

Ұлы сенімді түсінуге, келешекте отаншыл азамат болуға тек ниет қою аз. Ол үшін, ең алдымен, терең білім керек. Ал, білім оңайлықпен келмейді. Оған осы бастан аянбай қол созып, ғылымның қыя тасты қыйын шыңына ерінбей-жалықпай өрмелеу қажет. Әр минутты босқа жібермей, бүгін білуге тиістіні ертеңге қалдырмай, терең білім алуға күш-жігерді беріле жұмсап, қыйындыққа төзе білсең ғана, келешекте дегеніңе жетесің, сонда ғана ел күткендей азамат боп өсе аласың.

Сенің жақсы оқуыңа мүмкіншілік көп-ақ. Тамаша Отаның, сүйікті атаң Сталин минут сайын сенің қамыңды ойлайды, тауың шағылмай еркін өсуіңе, коммунистік тәрбие алуыңа біліммен қарулануыңа минут сайын назар аударады. Сен бүкіл халқымыздың қамқорлығына бөленгенсің. Еліміздегі мың-мыңдаған мектеп, мәдени мекемелер, совет баласы, бәрі де бір саған арналған. Тек біздің республикамызда ғана тоғыз мыңға жуық мектеп барын көреміз.

Мұның бәрі социалистік Ұлы Отанның арқасы екенін сен жақсы білесің. Басқа жерде

— капитализм жайлаған басқа елде балалықшақ кіріптарлықта, жоқшылықта өтіп жатқанын да жақсы білесің. Жаңадан соғыс өртін қаулатуға жанталасқан, еңбекші халықтың қанын сорған империалистер үстемдік кұрып отырған елдерде балалар кұл болуда, күң болуда. Америка, Англия, Югославия, Испания, Франция, Италия қалаларының көшелерінде аш-жалаңаш балалар бір тілім найға зар болып, тентіреп жүр.

Империалист мемлекеттердің тырнағындағы Индия сыяқты елдерде каршадай балалар таңның атуынан күннің батуына дейін чай, кофе плантацияларында, макта далаларында дамылсыз жұмыс істеп, ащы терін мандайынан сығып жүрсе де, күнін әрең көруде. Олар мектеп дегенді білмейді, олар қараңғылықта, қапастықта қыршын өмірлерін азаппен өткізуде. Адамды жарқын өмірге бастырмай, нағандықта ұстауды көздейтін капиталистер олардан өздеріне кұлақкесті кұл әзірлеуде.

Сен осыларды еске түсірсең, өз еліңнің жоғары мәртебесін, өзіннің бақытқа бөленген балалық шағынды қатты сезіне түсесің, өміріңнің баға жетпес артықшылығын ұғына түсесің.

Сенің Отаның 1950 жылды бейбіт еңбек майданында ұлы жеңістермен аяқтап, 1951 жылдың — жаңа каналдар қазылатын, жаңа ормандар жайқалатын, кұрылыстар салынатын ұлы жылдың табалдырығынан аттап отыр. Совет халқының бұл жылғы да ұраны — ежелгі ұраны, бейбітшілік сақтау ұраны. Бүкіл жер шарындағы бейбітшілікке ұмтылған еңбекші халықтардың ту ұстаушысы, ұйтқысы, тірегі — сенің елің — Совет Одағы.

Бейбітшілік жолында өзіңнің қажырлы еңбегімен күресіп жатқан ата-ананың, аға-апаңның қажырлы ісі саған өнеге болсын, жас дос. Қласта, сабақ үстінде, отряд жыйындарында, күнбе-күнгі өмірінде өзінді болашақта отаншыл білімді азамат болуға баули отырып оқу майданында зор жеңіске жет.



Мектеп

Жұбан МОЛДАҒАЛИЕВ

I

Кезеңі еді сонау өткен соғыстың.
(Ол жылдарды ұмытатын жоқ ешкім).
Жеңіс үшін ауылда да жүрді жұрт
Құшағында ұлы еңбектің, зор істің.

Ел басына төнгеннен соң ауыр күн,
Көп ерлері біздің колхоз-ауылдың,
Қару ұстап кетіп еді майданға,
Қаһарына қарсы шығып дауылдың.

Қалғандары егін екті, мал бақты,
Тік көтеріп ауыртпалық-салмақты,
Ерлердей боп қария да, бала да,
Еңбегімен демеп жүрді солдатты.

Қолымызбен арықтарды аршыдық,
Бақшамызға ектік талай тал-шыбық,
Қабақ шытып көрген жоқпыз сол кезде,
Кездессе де тапшылық пен таршылық.

Сұлу еді біздің колхоз үйлері,
Тұратұғын қаладай боп іргелі,
Аппақ болып аққу құстың төсіндей,
Өзіміздей күле қарап ілгері.

Оларға да тиді соғыс зардабы:
Қоңыр тартты қабырғасы-жарлары,
Қоңыр тартты кеңсесі де колхоздың,
Көзім сырттан талай оны барлады.

Үй ақтауға уақтымыз жетпеді.
Уақыт та оны онша қажет етпеді.
Тек жалғыз үй тұрды өзгеден ерекше.
Ол кәдімгі ауылымыздың мектебі.

Оны ақтауға адам дайын табылды.
Оның пеші қыста жылы жағылды.
Айналасы әркезде де думандай,
Одан шыққан үн де шатты, жағымды.

Маңдайында тұрды үлкен портрет,
Сыяқты боп ұлы қуат, зор тірек,
Күзеткендей балалардың бақытын,
Дегендей-ақ кім де қандай бар тілек.

Келген адам сол мектептің қасына
Портретке қарап жүзі ашыла.
Көсемменен сөйлескендей, серігіп,
Жұмысына кететұғын асыға.

Жеті жасар Серік те көп баладай,
Өтпейтұғын оған сірә қарамай.
Қызығатын портретке құмартып,
Көрген сайын жайнап көзі танадай.

Өзгелердей ол да өзінің мектебін
Естігенмін талай мақтан еткенін.
Мақтайтуғын мұғалімін үйге кеп,
Ақтаратын дәптерінің беттерін.

Барлық үйдің неге мектеп сұлуы?
Барлығынан неліктен ол жылулы?



Оқытады неге сонша мәпелен?
Хұрметтейді халық не үшін бұл үйді?

Серіктің бұл ойына да келмеді.
Ойын болды, оқу болды ермегі.
Мектеп оны күнде жақсы қош алды,
Мектептен ол артық үйді көрмеді...

II

Бітті соғыс. Ауыл үсті жайнады.
Елестетіп күнге ұстаған айнаны,
Аппақ үйлер жарқырады жаңадан.
Адамдары қуанышты, жайдары.

Қолхозда көп Ильич шамы жағылды.
Жақсы-жақсы жаңа үйлер де салынды.
Мектебі де одан сайын көркейіп,
Электрдің мол нұрына малынды.

Бейбіт еңбек құлашын кең сермеді.
Қуанышы сан жүректі кернеді.
Жылдан-жылға жас Серік те есейіп,
Ойын емес, оқу болды ермегі.

Енді Серік алты класс бітірді.
Оқыйды ол кітаптарды түр-түрлі.
Хат жазса да, еш қатесіз жазады,
Қалдырмайды нүктелер мен үтірді.

Көшті әкесі жаз ішінде жайлауға.
Қолхоз малын баптап бағып жайғауға.
Келсе міне сол Серіктің алдында
Көз тартқандай мектеп үйі жайнауда.

Мұнда да ол барлық үйдің жақсысы.
Сыртына сай сұлу, кеп-кең — жақсы іші.
Айналасы жасыл бақша мәуелі,
Шын сүйінді біздің Серік — жас кісі.

Мұның да тұр маңдайында портрет,
Сыяқты боп ұлы қуат, зор тірек,
Күзеткендей балалардың бақытын,
Дегендей-ақ кімде қандай бар тілек.


Барлық үйдің неге мектеп сұлуы?
Неліктен ол барлығынан жылулы?
Оқытады сонша неге мәпелен?
Хұрметтейді халық не үшін бұл үйді?

Мұның бәрі ойландырмай қоймады.
Ақыл салып Серік соны ойлады.
Санасына зор қуаныш, ұлы сыр
Осы жолы сүңгіп терең бойлады.

Ойланды ол, енді әбден түсінді.
Ойлы көзін портретке түсірді:
Тұрды қарап ұлы Сталин күлімдеп,
Ең сүйікті туған әке мүсінді.



ӘНІШІ І азамат



Повесть

Қ. ЖАРМАҒАМБЕТОВ.

Суреттерін салған Н. ЛЕБЕДЕВ.

Танат тауының етегінен басталатын жазық дала шетсіз, шексіз тәрізді. Көк жиекті торлаған көгілдір сағымның аржағында нелер, нелер жоталар жатқаны да мәлімсіз. Ыстық соғып қажыған жолаушылардың алдын болжап, суы бар жер мөлшерін меңзей қоюы да мүмкін емес. Шілденің ыссы күнінде жол жүрудің ауыртпалығы балалы жолаушының жанына батып келеді. Тас төбеге шығып алып шақырая түскен күн көзі бар сәулесін осы аңғар бойына ғана төгіп тұрғандай, жер бетінің абшысып қуырып барады. Оқта-текте бір пысқырып қойып ағаш арбаны тырмыса тартқан арық торының омырауын ақ көбік жауып, сүмектей болыпты. Қансыған доңғалақтардың айғайға бергісіз сықыры тарамыс торымен жаңжалдаса түсуді көздегендей. Арба үстіндегі екі бала кенеп сулықты төбелеріне қалқан ғып ұстап, сиса көйлектің шолақ жеңімен маңдай терін сыйпап тастап, мұрындарын кезек-кезек тартысып қояды. Балапандарының мұшақатын жүректің ең нәзік сезімімен ұққан ана, арбаны қапталдай аяндап екі баладан көз айырмайды. Торының шылбырын беліне қыстырып алда келе жатқан ашаң жүзді, аққұба кісінің қатулы қабағынан кейістік елесі сезіледі. Ол үнсіз асу бермес аңғармен іштей арбасып жемдірмеймін, женемін деп келе жатқандай.

Түс ауа жадағай жазықтың шеті — бозғыл белестер көріне бастады. Сол сәтте терістіктен қанатын жая бір шоғыр бұлт көтерілді. Аздап жел тұрды да, қоюлана түскен бұлт ілезде көк жүзін торлап, күн көзін жасырып, жер бетіне көленкесін тастап жіберді. Дала күңгірттеніп, самал жел салқын дауылға айналды. Қалың бұлтты дүркірете қуған пәрменді дауыл қара нәсерін бірге айдай келген сыяқты. Кенет көк жиекте нажағай оты жалтылдап, аспан күркіреп, қалың нәсер селдете жөнелді. Ана, екі баланы бауырына басып, көне алашаны бүркенді. Сазға малтыққан доңғалақтар арық торының ілгері басқан аяғын кері кетіріп, екі иінінен табандап кейін тартады. Жүгі ауырлаған тарамыс торы қарға адым жер жылжый алмай тұрып қалды. Аққұба кісінің жүзіндегі кейістік белгісі кенет бузылған күн райының оғаш көріністеріне ұласып қоюлана түскендей. Ол атты доғарып, арба ығын паналады. Екі иінен сорғалаған су пұшпағынан тамшылап мазасын кетіріп барады. Ол қанын ішке тартып, үнсіз отырып қалды.

Шырт етпе кісінің мінезі тәрізді, өткіншінің алғашқы беті тым қатал болғанымен қарқыны көпке бармады. Бие сауымындай уақыт өткенде түстіктен кемпіркосақ көрініп күн ашылып кетті. Бұлт астынан күлімдей шыққан күн жер бетін ілезде қайта жалдыратып, жолаушыларды шұғыласына қайта орады. Алаша астынан, ана қушағынан шыққан екі бала жерге түсіп, бірте-бірте көмескіленіп бара жатқан кемпіркосақ-

қа тесіле қарасады. Сирек шапты еркек бала ойлы пішінмен алыс көкжиекке көз жіберіп:

— Аға, көремісін, кемпіркосақты? Бояулары қандай жақсы! Аға, кемпіркосақтың доға сыяқты иіліп тұру себебі не? — деп, әкесіне сансыз сұрақты бастырмалатып барады. Әкесі бала сұрақтарына алғашында жауап бергісі келмей, оның сөздерін естімеген кісідей теріс айналып кетіп еді, бала әлгі сұрақтарын тағы да қайталап оның қасына таяна түсті. Жас баланың құмарлық сезімін тойтару ағаттық болар деген ой аққұба кісіні енді ғана ойландырған еді. Сол себепті ол қабағындағы кейістік белгісінің қалың бұлттың ыпырата бастауға мәжбүр болды да, жадыранқы шыраймен баланың бетіне қарап тұрып, кемпіркосақ жайындағы өз түсінігін баян етті. «Бұл құдіреттің кереметі» деп аяқтады сөзін ол. Бірақ, бала «құдіретінің» не екенін ұққан жоқ, назарын басқа жаққа аударды да, өз бетінше бірдемелерді айтып жол жиегіне шығып кетті. Ол шөп бастарында маржандай тізіліп тұрған мөлдір тамшыларға құмарта қарап тұрып қалды. Бұл кезде әкесі малмандай болған сыртқы киімдерін шешіп арба арасына сығып жайып жатты. Ол әйеліне:

— Бәйбіше, жұт жеті ағайынлы десетін еді, жол бөгеушіге тағы тап болдық қой, жер дегдімей жүре алмайтын шығармыз. Торыны шалдырып, балаларды суындатып алалық, — деді.

Сабырлы әйел жол жиегіне көне алашаны жайып, арба үстінен қойыртпақ күйылған күбіні, азық-түлік салынған дорбаны алып ас әзірледі.

Жол ернеуінде бір үйлі жан отыр. Бір тостаған қойыртпақты ішіп салып, қыйсайған бетінде қор ете түскен аққұба кісі — Хасен болыстың алты жыл жылқысын баққан малайы Қашаубай еді.

Ұзақ жолда жаяу жүріп, әбден қажыған жолаушы бір минутте болса дамыл алғандай. Оның әжімді жүзінде реніш нышаны жоқ, тек қажудың ізі ғана бар еді. Анасы Тойғанды төңректтей отырған екі бала тамтанғаннан кейін, жүгірісіп жол бойындағы қактың суына барды да, жол жиегінен көбелек қуысып, ойып базарына араласып кетті. Олардың бірі тоғыз жасар Батима да, екіншісі алтыдан жетіге аяқ басқан Әміре болатын.

Қашаубай көз шырымын алып сабырсыздана ояғанда, жер едәуір дегдіп қалған еді. Күн екінділікке барыпты, зауал ауып, кешкі самал да түсіп қалыпты. Қашаубай енді жүруді қолайлы көріп, боз көдені түбіне шейін тақырлай орып жатқан торыға беттеді. Сол сәтте Семей жақтағы белес астынан қоңыраулы қос ат жеккен күймелі жолаушы шыға келді. Қашаубай тарамыс торының тұсауын алып, арбасына қарай жүре бергенде, ауыздығымен алысқан қос күрең елендей шоқытқан бойы жол ортасында тұрған арбаға таянып та

қалды. Арынды күрендер. Қашаубай арбасын кеудесімен соғып өтерлік жерге келіп, жолдан жалт бұрылды. Жол ернеуінің қырқасынан аса бере күйме төңкеріліп барып түзеліп кетті. Ашуына булыққан болыстың көзі тарамыс торыны жетектеген Қашаубайға түсті де:

— Токтат! — деп бұйрық етті ол атшысына. Атшы қос күреңнің ауыздығын шірей тартып әрең тоқтатты. Бурыл мұртты, қапсағай арық қара кісі қатшысын ертіп күймеден түскен бетінде Қашаубайдың жүзіне кектене қарап:

— Қарыспа кедей, айтқаныңа жеткен екенсің. Тарақты қара шаңрағының табалдырығын ашумен аттадың ба? Аруақты аяққа бастың ба? Тартарсың сазайынды, тарттырармын! — деді. Қатшысы сөзге араласпай, болыстың бұйрығын күткендей шырай беріп тұр.

Жайшылықта шешіле сөйлеуді сүймейтін, кісімен салғыласуды салт етіп көрмеген Қашаубай, болыстың тік мінездерін көріп, кейістік сезімге душар болды. Ол бұрыннан ішіне түйіп жүрген еселі сөздерін ашып айтуға бекінді. Екі иінен демін алып, шатынай түскен болыстан именген жоқ, өз орнында тұрып, салмақты үнмен, сабырлы мінездерін көрсете сөйледі. Қашаубай да әңгімеге ауыр сөздермен араласты.

— Тарақты аруағы әулетіміздің әлдісін жебеп, кедейіне кектенетін болса, парахор болғаны да? Жүзіміз жараспады, келіспедік, керісе бердік. Бірақ, мен әлсіздігімді сездім, теңдік ала алмайтындығыма көзім жетті. Сондықтан іргемді аулақ салғым келіп, өз бетімше тіршілік іздеп кетіп барамын. Оның несіне зілденесің, Хасен мырза?

— Сені желіктірген даланың ағыл-тегіл ағы болар. Көріп келемін, қала қара нанын қапшықтап тегін бермейтін көрінеді. Сен ақылды болсаң, мынау тұрған ши борбайларды жылатпас едің ғой. Қаланың қара суы мен бір үзім қара нанына телміртпексің ғой бұларды, — деп, Хасен арба арысына асылып тұрған екі баланы нұсқады. Жас Әміре Хасеннің суық түсі мен шаңқылдай шыққан ащы даусынан үрейленіпкіреп тұр

еді. Хасен өзіне қарап қолын шошайтқанда, ұрғалы келе ме деген сезіммен шыр етіп жылап анасының бауырына тығылды.

— Мырзам, аярлығыңмен кімді асырамақсың. Кісі өз өзегі талғанша өз баласын өлтірмейді. Өзім тірімде балаларым қайыр сұрамас. Сенен тілек тілеп болдық емес пе? Ендігі үмітті алдан күтеміз дағы..

— Ащы тілің азық болса көрермін. Қалаға барғанда, Бөрібайды сағаламақсың ғой? Бар, құшағын жайып күтіп отыр, деген. Осы қу келей, қыйт етсе «үміт, үміт» дейтін болыпты. Үмітшілін шіркіннің! Үмітің өртенгір, өртермін үмітінді.

— Кекеме, Хасен, менің алты аласым, сенің бес бересің жоқ дедім ғой. Сенің тілегенің осы емес пе еді? Мен жеңілдім, сен жеңдің. Әжуалауым аз болды деп тұрмысың. Жетер шырақ, нысап керек емес пе?

— Бересім жоқ екені рас. Бірақ, аласым барына өзің куәсің.

— Тағы немененді борандатып келесің? Алты жыл есігінде жүріп, алты тыйын ала алмай торығып көшкен мен емес пе едім?

— Торықпаған шығарсың, қашып бара жатқан боларсың. Өткен жылы қысырдың тайын оппа қарға жығып, үйелетіп өлтірген өзің емеспісің? Төлеуіне не бердің? Мына торың сол тайдың жарты құнын төлесе құлдық дерсін.

— Тарақтыға алты жыл болыс болғанда ағайыным Қашаубайдың жалғыз торысын тартып алдым деп мақтанарсың, уялмасаң, ал!

— Кісі өз малын алуға арлана ма? Менен жеген алты жылғы азығың мен қысырдың тайының төлеуіне торынды құрбан етіп құтылсаң, арманың не? Ол да менің кең етектігім болар, — деп, Хасен қасындағы еңгезердей қара бұжырға ым қақты. Қатшы андаусыз тұрған Қашаубайдың қолынан торының шылбырын жұлып алды да, атты жетектеп қос күреңнің қосарына байлады.



Қашаубай жағаласып теңдік ала алмайтындығын ойлап, қарсылық көрсеткен жоқ. Оның көкірегін қақ айырған қорлықтың ызасы тұтанып бетіне шықты, аузына сөз түспей біраз тұрды да:

— Тасыған су сабасына түсер болар, су арнасы қаңсып та қалатын кезі болатын. Тасыған екенсің мырзам, түсерсің сабаңа. Арық торыны алуға сен арланбадың, сен үшін мен арланам. Арсызға кісі арыз айта ма, жалбарынар жайым жоқ, аларың болса қапы қалма, алып қал. Анау ағаш арбаны іле кет мойныңа. Сен бір тезек айдаған қоңыз емесісің, неден жиренесің...

Хасен Қашаубайдың соңғы сөздерін естіген жоқ, естігісі де келмеді. Хасен күймеге отыра бергенде, атшы да делбені қағып қалды. Қос күреп арындай жөнелгенде, қосарындағы арық торының ашамай сүйектері арбадап табан астынан шоқтып кетті.

Хасеннің ызғарлы түсінен қаймығып ана баурына тығылып отырған Әміре атсыз қалған әке жүзіне жаутаңдай қарайды. Сабырлы Тойған қайғы торында тұрған Қашаубайдың ауыр ойларын бет әлпетінен ұққандай. Ол арбадағы киім-кешектерін бір қапқа салып буды да азнаулақ азық пен сусынды бір қапқа сыйғызды. Бірін өзі арқалап, екіншісін үнсіз отырған Қашаубайға ұсынды. Түсі бузылып, орнынан түтіге тұрған Қашаубай арба үстіндегі жүктерден тағы бір буданы байлап, екі тең жүкті иығына салды.

Тойғанның ыстық жас іркіп қанталаған көз жанарындай алаулаған кешкі күн көкжиектен асып барады. Арық торының борышына арқасын тосқан екі жаяу екі баланы жетектеп белеске шықты. Олардың көкірегін кернеген ыза мен жүректе тұтанған кек жалыны кең дүниені қаһарына табындырып, куә болындар мына зорлыққа дегендей. Төрт жаяудың әлсізі жас Әміре. Ол үлкендердің аршынды адымына ілесе алмай, жүгіре басып келеді. Оның сирек шаштарының арасынан шып-шып шыққан тер самайына жете бере тамшыға айналып, сорғалап кеп жағасына құйылады. Жас бала, ата-ана азабына әлсіздігін артып:

— Шаршадым, аға, көтерші! — деп қыйылды.

Қашаубай баланы біраз жер көтеріп жүріп еді, күн бойы аңзақ қағып, жауынға ұрынып шаршаған Әміре әкесінің иығына басып салып ұйықтап қалды.

Айлы түн. Қара жолдың ернеуі. Құба жонда, ақ селеудің арасында бірін-бірі пана тұтып төрт жолаушы отыр. Батимасын бауырына басып шынтақтай жатқан Тойған, әлденеге елегізгендей әлсін-әлсін басып көтеріп, Әміренің бетіне қаран қояды. Қашаубайдың қасында, қос буда жүктің ығында жатқан Әміренің де ұйқысы ашылып кетіпті. Жас бала аспан әлемінің нелер тамаша көріністеріне көз жіберіп үнсіз жатыр. Ашық аспанда қалықтай жүзген ақша бұлттар кейде өркешті түйе, кейде алып тулғалы адам, кейде көшіп бара жатқан ел, кейде шауып бара жатқан ақбоз ат сыяқты болып көрінеді. Аспанның алып кеудесінде маржандай тізіліп жатқан құс жолы бойындағы жұлдыздар, Тобылғылы сайының бойы қуалай жусаған Хасен аулының қалың жылқысы сыяқты. Құс жолының қапталындағы жеті қаракшы төбе басына шығып кеңес дүкенін құрған ауыл ақсақалдары тәрізді болып елестейді. Ол аспан әлемінің сырларына құмартып әкесіне оқыс сұрақтар да қояды. Кей уақытта ұйықтағысы келіп Қашаубайға таяна түсіп қырындай жатқан баланың құлағына неше қыйлы үндер келеді. Ақ селеудің басын иіп, ішін тарта соққан түнгі желдің ызыңы — құба жонда адасып кетіп жылаған, өзіндей жас баланың талықсып жеткен үні сыяқты болып тиеді құлағына. Не бір алыс белдердегі ұялы қасқырдың ұлыған даусы, жатақ ауылдың шөпшілері салатын мұнды ән сыяқты болып естіледі. Кей сәтте жел шуылынан ауыл күзетшілерінің айтағы естілгендей болады. Кейде жел ызыңына елегіз түскен бала құлағы алтыбақан тепкен

ауыл жастарының шырқай шыққан әнін тосқандай болады. Ол әкесінен:

— Аға, жақын жерде ауыл бар ма? — деп сұрайды.

— Жоқ, қарағым. Біздің жатқанымыз шөл дала, сусыз жерде ел болмайды, — деп, мазасызданған баласын жұбатқандай болады Қашаубай. Әміре әлгі бір құлағына тиген әдемі үндерді қайта естігісі келіп, төсекте басын көтереді. Бірақ, селеу бастарының сылдыры мен тентек желдің ысқырығынан басқа ешбір үн шалынбайды құлағына.

Әміре түн ортасы ауған кезде ғана ұйқтады. Қашаубай жүкке сүйенген бойы, Әміресін ығына алып, өткір желге кейде арқасын беріп, кейде кеудесін тосып кірпік қақпастан отыр. Көкжиекке таяна бере толықсып туған жарық ай бір шоқ қара бұлттың құшағына кіріп жоқ болды. Таң алдында жел де тынды. Қашаубайдың көзіне ұйқы тығылып мазасын кетіріп отыр. Ол қалғып барып оянып кетеді. Сан салалы ойға шомып отырып бой сергіткендей болады, маужырап жатқан Әміресіне көз қыйығын салады.

Дала түні тынық. Семей жолы ұзақ. Сапар әлі сәтсіз, ақыры немере тынары күңгірт. Қашаубай қыялын тербететін ойлардың өзегі де — осылар.

2

Семей базарының қызған шағы. Базар алаңын қоршай салынған, өресі дестелі товарға толы көшпелі көк дүкендер. Бірі көріп, бірі сатып алып, бірі көтерме саудаға қол соғысып жатқан жұрт. Сол дүкендердің бірінің алдында, сирек сақалдарын оқта-текте салалы саусақтарымен бір сыйпап қойып, ағылып жатқан жұртты сыртынан шолып тұрған Қашаубай. Оның түсі қуқыл, киімі тым жұпыны. Білеуленіп кеткен шеке тамырлары елтірі бөріктің ернеуіне жарыса кіріп, жасырына тұруды қолайлы көргендей. Ол күткен кісісін салтанатты күймелердің бірінен шығар-ау деген үмітпен, қасынан өткен фозтон күймелердің бәріне де үніле қарайды. Базар басталмай, дүкендер ашылмай келген Қашаубай іздеген кісісін ұшырата алмай торықты. Ол сәтсіздік сапарының бір түбегі осы болар деп те ойлады. Күн екінділікке барып қалды. Оның өзегі талып, басы айналып, көзі қарауыта бастады. Бір жағынан соңғы күндерде үдей түскен ескі жөтелі мазалай береді. Үміті ақталмайтындығына көзі жеткендей болып, ол пәтеріне беттеді. Дүкен бұрышын айнала беріп булығы жөтелді. Жөтелі толастай бастаған шақта кеудесін кере демін алып, артына бұрылса, қос торы жеккен фозтон дүкен алдына келіп тоқтаған екен. Қою жирен мұртты, қырықпа қысқа сақалды, көзілдірікті жуан сары кісі фозтоннан түсті де, теңселе басып дүкенге беттеді. Ол Семейдің аты-шулы сәудегерлерінің бірі Бөрібай еді. Қашаубайдың күн бойы күткені де осы кісі. Бөрібайдың руы да тарақты. Оның қалаға келіп, саудаға араласып, байып алғанына да он шақты жылдай уақыт болған. Мына көшпелі көк дүкендердің де көбі осыныкі. Қала базарының барлық товарының нарқын бір дәрежеден түсірмей, өз дегеніне көндіріп тұрған да осы Бөрібай сәудегер болатын.


Қашаубай бірер жасының үлкендігіне қарамастан:

— Бөке, сәлеметсіз бе? — деп бұрын тіл қатты.

Бөрібай Қашаубайды таныды. Бірақ, ол сырт көрінісі жұпыны адамға такаббарлана қарайтын әдетіне көшіп, Қашаубайдың да сәлемін алған жоқ.

— Сен қайдан жүрсін? — деді ол сәлемдесудің орнына.

— Ауылдан келдім. Хасен мырзаның қыянатына төзе алмадым. Еңбегімді сатып күн көрмекпін. Жұмыс бер. Түбіміз бір тарақтының баласымыз, сені медеу тұтып келдім, — деп, Қашаубай ойына алғандарын тым тұжырымды сөздермен қысқа баяндады.



Бөрібай ең хауіпті бәсекелесімнің бірі Хасен деп санайтын. Сондықтан да Хасеннен жәбір-жапа көрдім деушілерге оның жылы шырай бере қою салты да болатын. Қашаубайдың да Хасен жөніндегі пікірін іштей ұнатқан сәудегер:

— Я, ол құдайды құлағынан ұстадым деп жүрген шығар, дала болысы қала байының қанжығасында жүргендігін аңғара ма? Мұны ұқпаса, ұқтыратын боламыз. Хасеннен қашқандарға мен пана. Адаспапсың, кедейім. Ертең конторға кел, жұмыс тауып беремін,— деп Бөрібай даурыға сөйлеп, мақтаныш белгісін де білдірді. Ол дүкенге кіріп кетті, Қашаубай сенер, сенбесін білмей аңырып қала берді.

Қашаубай Ертістің арғы бетіндегі жатақ қаласына¹, Ермекбай дейтін қала кедейінің үйіне түскен еді. Екі бөлмелі шым үйде он алты кісі. Қашаубай бала-шағасына тигені ауыз үйдің оң жақ босағасы. Базар алаңынан сәудегерді тосып шаршап қайтқан Қашаубай, әдеттегі салтынан ерте, күн уясына бара бере жастыққа бас қойды. Бірақ, ол рахаттанып ұйықтай алмады. Біріншіден, оны жөтел буды, екіншіден, Әміренің қатты науқасы үрейлендірді. Жол бойында бір жетідей жаяу жүріп, бір терлеп, бір тоңып берекесі қашып келген бала, Ермекбай үйіне түскеннің ертеңіне қатты сырқаттанып, төсек тартып жатып қалған. Баланың салқын судан басқа дәм тартпағанына да екі күннен асып кетті. Бүгін кештен бері оның дене қызуы күшейіп, өкпесінен сырыл естіліп, сандырықтап жатыр. Бала кейде бірдемеден үрейленгендей, қасындағы анасының баурына тығыла түседі. Кейде ол бірге ойнайтын ауыл балаларын көріп тұрғандай, олардың кейбіреуінің атын атап, шыбықты ат қып мініп жарыса жөнелетін кездерін еске алып, айғайлап жібереді. Кейде айна бұлаққа жүзіп бара жатқандай екі қолын кезек сермеп, басындағы жастықты баурына басады. Кей уақыт көкшіл аспанның биігінде қаңқылдай ұшқан қоңыр қаздардың тізбегін көріп жатқандай, жоғарыға тесіле қарай қалады. Қаздар қаңқылы не бір әдемі үндерге тоғысқандай болады. Алыстан құлағы шалған сол бір дауыс нелер белдерді өтіп, талықсып жеткені сулу ән сыяқты. Бір мезгілде, терезеден гулей соққан тентек желдің сарын-

ды ызыңынан көрші көше бойында тартылған гармонь даусын естігендей болады. Ән құмар бала құлағы шалған дыбыстың барлығынан да өзіне белгісіз тосын әндерді естігендей болады. Ол ата анасынан «Далада ән салып тұрған кім?» деп сұрап та қояды. Сандырақтап жатқан баланың барлық ойы мен аузынан шыққан барлық сөзі әнге келіп орала беретіндігіне Қашаубай да таңдана отырып, ойлана түскен сыяқты.

Түтіні будақтаған сықсима шамның түбінде бала науқасын өз басына тілеп отырған Тойған, науқас Әміренің ойларын жүрегімен ұққандай. Қашаубай жөтелі қысқанда далаға шығып кетеді де, жөтелі толастағанда салқын қолымен Әміренің маңдайын басады. Ата-ананың бар ойы, бар ықыласы балада, қатал науқастың тырнағынан сәбиімізді қалайша арашалап алып қаламыз дегендей, ойға шомып, үнсіз отыр.

Қашаубай мен Тойған науқас баланың басында отырып боқыраудың ұзақ танып көздерімен атырды. Таң біліне баланың қызуы бәсеңдеп, сандырақтауын қойып, балқып терлеп, жаны жай таба бастады. Екі-үш күн бойына үдей түскен дене қызуы әбден қажытқан екен, терлегеннен кейін, бала маужырап жатып ұйықтап кетті. Баланың беті бері қарады десіп ата-ананың да жүрегі орнына түскендей болды.

Таң әбден ағарып атқан соң Ермекбай үйінің дастарқанына араласа отырып екі кесе ыстық су ұрттады да, Қашаубай Бөрібайдың конторына кетті.

Салтанатты сары қақпадан кіріп, әшекейлеп салған ағаш үйге келсе, контор есігінде құлып тұр екен. Қашаубай табалдырық алдында отырып нелер қыйлы ойға кетті...

Мүмкін Бөрібай конторына бүгін келмес. Келген күнде «ку кедей сені қайда көрдім» деп уәдесін ұмытар. Әйтпесе, «жұмыстың реті болмады», деп сәудегерлердің үйреншікті әуезіне басып сырғақтатар, пәтуәсіздігіне көшер. Қашаубай осы тәрізді хауыпті ойлар мен үрейін аларлық еместердің торынан шыға алмай отыр. Солай отырып ол қалғып та кетті. Көзі іліне бере ол түс көрді. Уәдесінен жалтарып, сырт айналып бара жатқан Бөрібайды көрді...

Бүйірінен тиген етік басының дүмпуімен оянған Қашаубай, сасқалақтап көзін ашса алдында сар жалқын Бөрібай тұр екен. Өңім бе, әлде түсім бе, деп көзін уқалап жіберіп қайта қарап еді, тағы Бөрібайды көрді. Ол енді Бөрібайды өңінде көріп тұрғандығына әбден сеніп, сәлем берді.

— Я, Қашаубай, конторға кірмейсің бе? Елуге келгенше ұйқың ашылмапты ғой. Көсіліп салып ұйықтай беруді сүйетін түрің бар ғой, сірә? Сен кәсіп істеп те оңдырмассың.

Қашаубай Бөрібайдың бұл сөздеріне жауап қайырмады. Тілінің ұшын жыбырлатқан бірер ауыз шанышқы сөзін сыртқа шығармай, көмейінде тұншықтырды. Ол тіл қатыспастан момақан пішінмен Бөрібайға еріп конторға кірді. Суйық шашын маңдайынан жарып тараған, сарт-сұрт еткізіп шот қағып отырған татар жігітіне:

— Мына кісіге ат, арба бер. Жатақ қаласындағы сарайдан Семей базарындағы дүкендерге товар тасыйтын болады. Қағаз бетіне түсір, айлығы алты сом. Жұмысының сапасын қадағалайтын өзің боласың!— деп, бұйырды Бөрібай...

3

Науқасынан айыға бастаған Әміре далаға шығып, қала салтына сырттай таңырқап, көше бойларындағы, су жағасындағы, дүкендер маңындағы өмірге оқшау тұрып қарайтын. Ермекбай үйінің өзі тетелес Әлім, Сәлім дейтін екі баласына бойы үйреніп қалғанымен, оларға еріп үйден ұзап шыға қоймады. Өйткені, Әлім мен Сәлім өз үйінен шығысымен таныс балаларына тап болады да, өздерінің үйреншікті ойынына араласып ке-

¹ Қазіргі Жаңа Семейді революциядан бұрын Заречинская слободка немесе Жатақ қаласы деп атаған.

теді. Олар кейде татарша, кейде орысша сөйлесіп кеткенде, Әміре не айтып тұрғанына түсінбей, ойындарының жалпы сарынын сырт көріп қана қала беретін. Қала балалары да даладан келген Әміреге тосырақ қарайтын.

Олардың аспанға жылап күйрек ұшыруы, аяқпен теуіп доп айдауы, екі жікке бөлініп алып сақтан ойнауы, тіпті қайыққа мініп жарысуы мен Ертістің айдынында құлаштап жүздеріне шөйін ауыл балаларының ойынына ұқсамайды. Сол себепті Әміре Семейге келген жылдың күзінде қала балаларының ойынына етене боп араласып кете алмай жүрді...

...Келесі жылдың жазы еді.

Әміре бір күні Әлім мен Сәлімге еріп, Ертіс жағасына келсе, дүкенші Ақмұрттың онжеті-онсегіз шамасындағы Самиқ дейтін гармоньшы баласы екі-үш жолдасымен қайық жалдап мініп жатыр екен. Әлім мен Сәлім оларға назар аудармастан, күндегі әдеті бойынша жағаның жарлау төмпешігіне отырды да, шыны сауыттағы шегірткелерін қармақтың үшіне шыншып, ақбалық пен алабұға сендей соғылысып жүрген бір нінге қармақ тастап, отырысып қалды. Біресе суға батып кетіп, біресе жиектегі үйірме толқынның үстіне ырғып шығып жүрген қармақ қалытқысына үңіле қарасып отырып, ол екеуінің Әміремен ісі де болған жоқ. Әлімнің Сәлімге, Сәлімнің Әлімге қарауға да мұршасы келетін емес. Олар қармақты қапқан алабұға мен ақбалықты жағаға лақтырып жіберіп ұстайды да, су толы шелекке салалы. Үшіне жем іледі де, қармақтың ұзын бауын құлаштап суға қайта атады. Батып-шығып, батып-шығып жүрген қалтқыға қайта қадалысады.

Су жағасына бірге келгені болмаса, Әмірге өз жолдастарының әрекетіне араласқан жоқ. Қолындағы қармағының бауын да шешпеді. Ертіс жағасына келгеннен бергі Әміренің бар ықласын салып жіберіп, көз алмай қарап тұрғаны Самиқтың қолындағы қызыл гармонь еді. Әміренің аңғаруында Самиқтың қасындағы үшеудің бірі қазақ баласы да, екеуі татар қызы.

Самиқ қайықшыға қалтасынан алып ақша санап берді де, жолдастарымен бірге қайыққа отырысты. Төртеуі қайықтың екі басына екі-екіден қарама-қарсы жарыла жайғасты да, қазақ баласы мен оның қасындағы қыз екі ескекті құлаштай тастап, қайықты есе жөнелді. Өзен жиегінен сырғи жылжыған қайық ілезде айдынға шығып кетті. Жағадан шыға бере көңілді әңгімеге кірісіп, жайдары күлкіге бөленген жастар Ертістің кең арнасына түскенде су бетіндегі көшпелі концертін де бастаған еді.

Ең алдымен Самиқ құлашын кере гармонь тартты. Құйқылжый төгілген гармонь үні жағада тұрып құлақ тосқан Әміренің нәзік сезімдерін қытықтап, бойын билеп барады. Ол қарындағы қарамағының да, қолындағы жем сауытының да жерге түсіп кеткенін сезген жоқ, оның барлық ойы да, барлық сезімі де, бар ықыласы да Ертіс бетінен шырқай шығып, жазғы кештегі тұнық аспанның пердесін жыртып шарықтаған гармонь үніне ауып кеткенді. Қайық алыстаған сайын талықсып жеткен үнге таяна түскісі келіп ілгері адымдаған бала, өзінің қай жерде тұрғанын өзен жарынан құлап, суға күмп ете түскенде ғана барын білді. Алғашқы сезіммен ілгері қарай жүзе жөнелген бала, өзінің ұзаққа бара алмайтындығын ескеріп кейін қайтты.

Ол жағаға шыққанда қайық арысқа қарсы сырғып Семеймен аралық-

тағы көпір астына кіріп қалған еді. Бұл кезде Самиқ гармоньына қайық ішіндегілер қосылып, Әміре бұрын естімеген тамаша тосын әнді шырқап бара жатқан. Әміре су киімін сықпастан, өзен жағасында жатқан қармағы мен жем сауытына да қарамастан, жардың астын құалап көпірге қарай жүгіре жөнелді. Ән құған бала өкпесі аузына тығылғанда барып тоқтады. Жар астындағы төмпешікке отырып, еңтігін басқан бала, жас адамның көңіл күйіне ерекше әсер бере құйқылжитын татардың жайдары әніне құлақ тосады.

Ол ауыл әншілерінен естіген талай әндерін еске алады. Мынау ән олардың біріне де ұқсамайды, тым тосын. Бірақ, бұл әннің дала әндерінен айырмасы қай жерінде деген сұраққа жас бала жауап таба алған жоқ. Көкейімен ұққан өзгешелікті белгілі бір түйінге тірей алмай тұр. Шынында да бұл әннің ырғағы даланың ұзақ сонарлы асқақ әнделінен тіпті өзгеше еді. Әсіресе «Ғалия Бану» деген сөздермен қайрылатын әнде әншінің көтеріңкі үнінен, дауыстың толқыны басымырақ естілетіндей. Әңкұмар баланың жан сезімі бұйраланып аққан өзен өзегінің ағысындай толқып отыр. Гармоньға қосылушыларға жағада тұрып-ақ араласып кеткісі келеді, бірақ әннің сөздерінен жаңылып, ырақтарын орайға келтіре алмай әуреленеді. Ол әншілерге қосылып кеткісі келіп ернін жыбырлатып отырып, қайықтан көз аулақмайды. Ағаш көпірдің астына жете бере, қайық кейін бұрылып, өзен ағысының Әміре отырған жағына шығып алып, төмен қарай сырғыды. Әншілердің өзіне қарай келе жатқанын көрген Әмірені қуаныш сезімі билеп, орнынан тұрды.

Сол сәтте Самиқ дала қазағының әуезіне де, күні бойын келе жатқан татар әндеріне де ұқсамайтын бір әнді бастады. Ол тұнық ойдың тереңіне құлаш ұрған адамша ойлана отырып, гармонь үнін өзгеше бір сарынға бөлей шығарады. Гармоньшының қасындағылар да томсара қалыпты. Қайық толқын екпінімен қалқып ағып Әміреге қатарласа бергенде, Самиқтың қарсысында отырған қара торы қыз, жаңа батып бара жатқан күн сәулесіне маңдайын тосып, Ертіс толқынына наздана назар аударда отырып, Татьянаның сұлу әнін төгіп-төгіп жіберді. Ән ырғағынан жүрегі шерлі, аһ ұрып аузынан жалын атқан адамның мұңы естілгендей. Осыншалық қайғылы әнді шырқаған адамның көзінен мөлт еткен ыстық жасты көргісі келіп,



Әміре әнші қыздың нұрлы жүзіне тесіле қарайды. Бірақ, қыз бетінен жас тамшысын көре алған жоқ Әміре.

Әннің алғашқы шумағын ішінен қайталап, өз орнында тұрып қалды. Әрі мұңлы, әрі зарлы, әрі сұлу ән баланың құлағында қалғандай. Толқын айдаған жалаң қайық ілезде алыстап кетті. Қайық ұзаған сайын әлгі бір ән тіпті ажарлана түскендей еді.

Әміре бұл жолы әнді қуған жоқ, қайықшылар ұзаған сайын, әннің бірте-бірте көмескіленіп барып аяқталуын күтті. Қайық Ертістің кең арнасында еркін жүзген бойы бір иінге жасырынып көзден таса болды. Бірақ, әлгі бір әдемі ән Әміренің құлағында тұр, алғашында сөздерін іштен қайталап, ырғағын көмеймен ғана қайырып тұрған бала, жар астындағы жалғыз аяқ жолмен кейін қарай жүре бастағанда, даусын шығарып шырқап та жіберді...

Күн батып, көз байлана бастағанда, Әлім мен Сәлім алабұға мен ақбалыққа қара шелекті толтырып та үлгірген еді. Екеуі үйге қайтуға ыңғайланып, қармақтарын жыйнап жатып бір-біріне:

— Әміре қайда?

— Суға кетіп қалған жоқ па? — десті.

Ересек Әлім жүгірін су жағасын шола бастады. Ол өзен жағасында бауы шешілместен жатқан Әміренің қармағы мен төңкеріліп қалған жем сауытып тауып алып:

— Әлім! Әміре суға кетіпті! — деп, айғай салды. Екі бала қармақтарын қарына іліп, балық толы қара шелекті қолдасып көтерген бойы, жүгіріп жар басына шықты.

«Әміре! Әміре суға кетті!...» десіп, айғайлап келеді олар. Екеуі сол беттерімен үйге жеткенде, орнынан шошып тұрған Қашаубай Ертіске қарай жүгіре жөнелді. Ермекбай үйінде жан қалмастан Қашаубайдың соңынан ерді.

Көзінен ыстық жасы сорғалап: «Сорладым-ау! Арылмады ғой сорым!» деп жанұшырып келе жатқан Қашаубай, жардан төмен түсе бере назік үнмен өлең айтып, айлы түнгі өзен толқынына жан сезімін жүздіріп отырған баласын көріп дегбірінен адасып қалды. Ол өзен жарынан түскен екпінімен Әміресін құшақтай құлады. Ермекбай үйінің іші де Әмірені кезек-кезек сүйеді. Әміре аң-таң. «Құлыным!» деп жылап Тойған да жетті. Әміре әлі түкке түсінген жоқ. Оның көз алдында Ертіс бетінде діріл қарып тұрған ай сәулесінің ғана суреті. Оның құлағына қайықтағы қыздың толғана салған сұлу әнінің ырғағы ғана естіледі. Әнқұмар бала жүрегіне жылы тиген әнді ұмытып қалмас үшін ішінен әлі қайталап тұр...

4

Әміренің аман табылу қуанышын сол түні бірге тойласты да, Ермекбай Омбыдағы теміржол станциясында жұмыс істейтін інісінің шақыруымен елен-алаңда бір жола көшіп кетті. Оның екі бөлмелі шым лашығы босаға күзеткен Қашаубайға салтанатты сарай сыяқты көрінді. Келесі күні Тойған екі бөлменің де ішін ақтап, Ермекбайдың көк сыйыры тұратын тоқыма талдан жасалған кішкене қораны тазартып, үй маңын иіс-коңыстан арылтып жатты. Жұмыстан қайтқан Қашаубай сол шым үйдің бұрышынан айнала бергенде, алдынан Әміре жүгіріп шықты. Бала әкесінің мойнына асыла бере, оралымға келместен кешеден бері қалай айтудың ебін таппай жүрген ойын ақтара салды, өз тілегін баяндай бастады.

— Аға, Ақмұрттың баласы сыяқты мен де гармонь тартып үйренейін, маған гармонь сатып әперші,— де-

генде, Қашаубай бір жағынан қаражат жоқтығын ойлап, екінші жағынан бала тілегін тойтарғысы келмей, күмілжіп қалды. Әке мен бала арасындағы әңгімені Тойған естіп тұрған еді, ол Қашаубайдың аузына сөз салғысы келін:

— Әмірежан, гармоньды кейін әпереміз, әзірге Нұрекеңнен домбыра үйрене тұрсайшы. Нұрекең домбыра істеп беремін деп жүрген,— деген сөздермен ақша жоқтығын бүркемеледі. Осы бір дәлел Қашаубайдың да көксіне қона кеткендей болды. Ол да Нұртаға домбыра істетіп алуды жеделдетпек болып, Әміресін маңдайынан сүйді.

Бірақ, Әміре ата-ана жауабына қанағаттана қоймады.

— Домбырадан гармонь жақсы емес пе? — деп өз ойып ақтауға талпынды.

— Қарағым, ертең оқуға барасың. Жақсы оқысаң, көктемде гармонь сатып әперемін. Кәзір гармоньға сенің құлашың да жетпейді ғой, қайтесін оны, қарағым. Әзірге домбыра тартуды үйрене бер,— деп, Қашаубай бала көңлін тағы да жұбата түспек болды. Әкесінің құшағынан шығып, сыйыр қораның тал шарбағынан асылып үнсіз тұрған Әміре өз арманын арашалағандай ауыр күрсінді. Оның құлағында Самықтың безектете тартқан гармоньның үні тұр. «Гармоньды мен неге тартпаймын, менің неге гармоньым жоқ?» деген арман Әміренің көксінен өртеп, көзіне бір тамшы жасты ірікті...

Келесі күні таңертең Қашаубай жұмысына кетті де, Тойған Әміресін ертіп жатақ қаласындағы кішкене мешітке келді. Анасы мен баласы мешіттің есігін ашып коридорға кіргенде, екі жақтағы екі бөлменің бірінен:

— «Әліп-би, ти...», екіншісінен — бисін бе, биасін би, бәби бо...» деп жамырасқан балалар даусы естілді. Жас Әміре мағнасыз сөздердің бірін де ұқпай, жат үндерге құлағын тосып тұрып қалды. Оның құлағына естілген үндер түсініксіз сөздерге қосып айтылған ән тәрізді. Бөлмелер ішін дуылдатқан көп кісінің үнін Әміре алғашында шын ән екен деп уқты.

— Ана, оқығанда өлең айта ма? — деді ол, шешесінің бетіне қарап.

— Кітап сөздерін әндетіп оқып, мақамына келтіріп айтуды үйретеді молда.

— Ана, сонда молданың өзі әнші болғаны ғой. Ендеше біздің әнші Нұрекең неге молда емес?

— Мұнда ән үйретпейді, Әмірежан. Кітап сөзін мақамына келтіріп айтуды үйретеді.

— Ол ән емес пе?

— Емес, қарағым.

— Неге?..

Дәл осы сәтте, коридордың оң жағындағы есік ашылып, «ах туф!» деген үн естілді. Әміренің соңғы сұрағы жауапсыз қалды. Тойған мен Әмірені көріп, коридорға ақ сәлделі, ақ таяқты, селдір шоқша сакалы бар, қапсағай ұзын бойлы молда шықты, жат кісіге Әміре тесіле қарайды. Таяғына асылып тұрған имек молда Тойғанға:

— Сіз кімді күтіп тұрсыз? — деді.

— Баламды сізге оқуға бермек едім.

— Балаңыз «әліп-биді» біле ме?

— Қайдан білсін, молдеке, бұрын оқыған жоқ қой.

— Жақсы бала көрінеді. Зирек болар,— деп, молда Әміренің басынан сыйпап: — Жұмалық әкелесің бе молдаға? — деді.

Әміре үндемеді. Құлқынның қамын бұрынырақ ойлап тұрған молданың бетіне көңілсіздеу кескінмен көз қыйығын тастап:

— Әкелер... деп, сөзінің соңын ашық естірте қойған жоқ Тойған.

— Жұмалық әкелетін болсаң, әкене әліп-би тақтайын жасатып алатын болсаң, сабақ жаттауға жалық-

пайтын болсаң мен, мен оқытамын, — деп имек молда Әмірені қолынан ұстап, өзіне қарай тартты.

Тойған молда қойған шарттарға Әміре үшін жауап беріп, баланы молдаға тапсырып, өзі үйіне қайтты.

Молда әдетінше «ах туф» деп коридор еденіне түкірді де, Әмірені ертіп бөлмеге кірді.

Шағын бөлменің іргесіне төселген ені тілдей ұзынша киіздің үстінде, шарт жүгінісіп алқа қотан отырған жыйырмаға жуық жас бала. Олар Әміренің бетіне бір кісідей үңіле қарай қалыпты. Олардың көгендеулі қозыдай мүләйімсіп отырған түрлеріне Әміре де таңдана қарайды. Молда Әмірені шеткі баланың қасына отырғызды да, өзі тақтайдан жасалған аласа мінбесіне шығып шарт жүгінді. Бөлме ішінде қыбыр еткен кісі жоқ. Балалар демін ішіне тартып, молданың кезекті жарлығын күтісіп отыр. Бір уақытта молда көзін жұмып, басын кекжиге жоғары көтеріп, ақ таяғымен қарсы алдында төсеулі жатқан тулақты бір рет сарт еткізіп салып қалды. Түйенің мойнақ терісінен істелген көне тулақтың түгіне сіңген қалың тозаңы бұрқ ете түсті. Үнсіз отырған көп бала «әліп, би, ти, си»... десіп жамырай жөнелді. Әміре де дүрмекке үн қосты. Молда «әліптен» бастамай, «биден» бастап кеткен бір баланың төбесіне таяғымен сарт еткізіп салып жіберді де, өзі бір қолымен есік ашып, тағы бір рет «ах туф» деп, сақалын сұртті. Таяқ тиген бала үн шығарып жылай да алмады. Ерні бұртыйыңқырап отырды да жұртпен бірге дүрмекке ілесіп кете барды. Басқа балалардың да бөгде сөз айтуға, ең болмаса көз қыйығын басқа жаққа аударуға мұршалары жоқ.

Кейде басқалар айтқанға қосылып, кейде тек ернін қыймылдатып отырған Әміре әлі ешнәрсеге түсінген жоқ. Бар білгені басқа балалардың аузынан не шықса, соны айта беру. Ол, балалардың қосылып шыққан үнін «осылары шынында да ән емес пе екен?» — деген үмітпен, бар ықыласын салып тындайды. Бірақ, үнемі құлақты кемірген бір сарын ән болмады. Сондықтан ол ықыласын басқа жаққа аударды. Бөлмеге кіргеннен бері Әміре көздерінің баққаны молда таяғының сүйір үші. Енді кімнің басына сарт етер екен деген үрей Әміре ойын талай саққа жүгіртеді. Кейде ол осы бөлмеден шыға қашқысы келіп оңтайланып та қояды. Біресе молда таяғын ала қашқысы келіп таяқтың молда қолынан босап шығуын аңдйды. Бірақ, бар сүйенгені мен сенгені сонда тұрғандай молда таяғын қолдан шығармайды. Әміре де қапысын таппай мазасызданады.

Имек молда: «Сабақ бітті, тараңдар!» деп бұйырғанда көп бала бірін-бірі иығымен қағысып үйден шықты. Өз үйіне қарай беттеген Әміренің ойына келген күдіктердің бір саласы молданың соңғы сөзі болды. «Сабақ біттісі қалай? Біз сабақ оқыдық па? Тараңдары қалай? Оқып болғанымыз осы ма?..» еді.



Дәл осы сұрақ Әміренің алты ай бойына шешуін таппаған жұмбағына айналды. Осы мешіттің ішінде, осы молданың алдында, сол бір тілдей киіздің үстінде өткен алты айда, Әміре ақылға қонарлық алты ауыз сөз естіген жоқ. Қолына алты рет қалам ұстамастан, кітап бетін ашпастан кетті. Бірақ, молда шарты бұзылмады, алты айда он алты рет жұмалық апарып әкелінің алты сом ақшасын шығындатты. Жұмалық әкеле алмаған күндерінде: молданың қырын қабағына ұшырап талай рет құлағы жұлынды, ақ таяқ та сан рет шекесіне сарт етіп, молда мінезінің шәлкестігін танытты. Қашаубай жонып берген «әліп-би» тақтайына жазылған сирек шыймайға алты ай бойына көзінің майын сіңіріп, жүдеп те кетті. Баланың оқуға деген құмарлық сезімі қара қожалақ кір басқан «әліпби» тақтайының бетінде күңгірттене түсті.

Көктемде шәкірттер жазғы демалысқа тарады. Сол күннен бастап Әміре молданың алдына қайтып келмеспін деді. Имек молда баланың оқу құмарлық сезімін суық су бүркіп сөндіріп кеткен тәрізді. Ол сезім қайта тұтана ма, жоқ па? Тұтанса, қалай тұтанбақ? Бұл бөлашақтың борышы...

(Жалғасы бар)

ЕКІ ӨМІР—ЕКІ БАЛАЛЫҚ ШАК

Өткен, 1950 жыл совет халқының бейбіт еңбектегі жаңа зор жеңістерінің жылы болды. Өткен жыл жаңа ұлы бастамалар жылы, коммунизмнің ұлы құрылыстарының салына бастаған жылы болды. Ол ел өміріне көптеген жаңалықтар әкелді. Басқаны былай қойғанның өзінде, 1950 жылы елімізде екі сайлау өткізілді. Март айында ССРО Жоғарғы Советі, ал декабрь айында жергілікті Советтер сайланды. Бұл сайлаулар совет демократиясының, совет халқының саяси-моральдық бірлігінің жарқын бейнесі болды.

Кәзір бүкіл еліміз одақтық республикалардың Жоғарғы Советтері сайлауын өткізуге қызу әзірленуде. Біздің елде ғана сайлау бүкіл-халықтық мереке ретінде өткізіледі. Бұл күндері социализм толық жеңген біздің елдің, біздің өмірдің капиталистік елдерден, капитализм жайлаған өмірден артықшылығы көз алдыға бұрынғыдан да айқындала түседі.

Екі дүниеде—екі түрлі өмір. Екі өмірде—екі түрлі балалық шак.

Дүниеде балалар өте көп-ақ. Баланың аты бала. Бәрінің де бақытты адам боп өскісі келеді, бәрінің де ойнап-күлгісі, оқып-үйренгісі келеді. Бірақ, барлық балалардың тілегі бір болғанмен де, өмірі бірдей емес. Өйткені, жер жүзінде екі дүние бар: оның бірі—социализм дүниесі, екіншісі—капитализм дүниесі. Бұл екі дүниедегі өмір де екі түрлі, екі дүниенің балалары да екі түрлі өмір сүреді.

Жер жүзінде ең бақытты балалар—совет

елінің, социализм елінің балалары. Совет балалары—ең алдыңғы қатарлы, ең әділ қоғамның кішкентай азаматтары. Олар жат жерді жаулап алуды, өзге халықтарды өздеріне құл студі бақыт деп санамайды. Оларға «жаулап алу», «құлдану» деген сөздердің өзі-ақ жат, жиренішті көрінеді. Олар бақытты Отан игілігіне арналған еңбегінен табады.


Совет халқы жас жеткіншектерін ізгі ниетте, ізгі максатта мәпелеп өсіреді, олар партияның, ұлы Сталиннің әкелік қамқорлығына бөленген. Біздің халық, балалар—біздің болашағымыз, болашаққа ие—балалар, деп бағалайды. Осы тұрғыдан елімізде балалардың білімді, саналы азамат боп ержетуіне қажет барлық жағдай жасалған. Біздің елде 220 мың мектеп бар. Бір ғана 1949 жылдың ішінде балаларға деп 37 миллион дана кітап басылып шығарылды. Елімізде мыңдаған пионерлер сарайлары, жүздеген жас техниктер станциялары, ондаған балалар темір жолдары бар. Біздің елде арнаулы балалар театрлары жұмыс істейді. Аты әлемге аян Артектте балалар тынығады.

Міне, біздің елде балаларға деген қамқорлық осындай.

Совет қауымы, совет мектебі жас жеткіншектерді адал, ержүрек, отаншыл болып өсуге баулайды. Біздің балаларымыз достық, туысқанлық рухта тәрбиеленеді, олар халық пен халықтың арасындағы араздық, ала ауыздық дегендердің не екенін білмейді.

Біздің елімізде балалар тек мектепте оқып қоймайды, сонымен бірге олардың алуан талантын дамытуға барлық жағдай туғызылған.

Суретте: Алматының Пионерлер сарайында іс үйрену үйірмесі мүшелерінің кесте тігіп отырған кезі. Суретті түсірген - П. Редько.



Жас достар, сендерге нені арман етесіңдер деп сұрау қойса, бірің — атакты ұшқыш, бірің — асқан әнші, бірің — халық мұғалімі, бірің — ғалым болуды арман етемін, дейсіңдер. Бұл бақытты социализм елі түлектерінің тілектері.

Бірде Италияда «арман мен тілектер бәйгесі» жарияланды. Әрбір бала нені арман ететінін, қандай тілегі бар екенін білдіруі шарт болды. Сонда бір бала: әкемнің жұмыссыз қалмауын тілеймін, деп жазса, екінші бала: жылы үйде тұрғым келеді, деп жазды. Венето провинциясынан бір бала: «Шіркін жаңа бәтінкем болар ма еді! Тозығы жеткен ескі бәтінкеден аяғым тоңып жүр. Әкемнің жұмыс таба алмай жүргеніне көп ай болды», деген тілек білдірді.

Міне, америка империалистері жайлаған Италия балаларының арман-тілегінің түрі осындай.

Америка империалистері дүние жүзін өздеріне отар еткісі келеді. Сол үшін олар жаңа соғыс өртін тұтатуды әзірлеп жатыр. Халық игілігіне, балаларды оқытып, тәрбиелеуге жұмсалатын мемлекет қаражаты соғыс жабдығын өндіруге, Кореяда соғыс жүргізуге жұмсалуда. Соның салдарынан Америка Құрама Штаттарының бір ғана өзінде кәзір 6 миллионнан астам бала оқусыз тентіреп жүр. Трумэн мен оның қожайындары үшін кішкентай американдықтардың оқу оқып, өмір танып, көзі ашық адам болуынан келер пайда аз. Оларға құлақ кесті құл, кісі өлтіргіш жендет, көмбіс солдат керек.

Америка империалистері бір ғана өз елінің балалары алдында емес, бүкіл дүние жүзі балалары алдында кешірілмес ауыр қылмыс жасап отыр. Америкада, сондай-ақ америка империалистерінің айтқанын істеп, айдауына жүріп отырған капиталистік елдерде күні бүгінге дейін балаларды зат есебінде саудалау тоқталмай келеді. Бас-панасы, ішерге асы, киерге киімі жоқ әке-шеше ешбір амалының жоқтығынан бал бөбегін өз қолынан шырылдатып құлдыққа, күндікке сатуда.

Міне, іріп — шіріген капитализм дүниесінің жас ұрпаққа тартқан соңғы «тартуы» осы болды.

Францияда 300 мың бала оқу оқымайды. Олар оқымайын демейді, оқыйтын мектеп жоқ. Соғыстан кейінгі жерде Парижда небәрі бір-ақ мектеп салынды. Бұл елдің мектеп салдыратын



Америка империалистері билеп-төстеген Грецияның балалары ішуге ас, киерге киім таба алмай, жоқшылықтың зардабын тартуда. Олар өздерін осындай халге душар еткен жендеттерге лағнат айтады.

қаражаты жоқ шығар. Жоқ, олай емес. Ел дәулеті, ел байлығы басқа мақсатқа, империалистердің арам ниетін ақтау жолына жұмсалып отыр. Вьетнам халқына қарсы соғысқа кетіп жатқан ақшаға бір емес, мыңдаған мектеп салдыруға болар еді. Ал, империалист жыртқыштарға өз елінің балаларын оқытудан гөрі, басқа елдің балаларының қанын судай ағызу артық көрінеді.

Бірақ, империалист мырзалардың арам ойы іске аспақ емес. Олардың дегенін болдырмау үшін, балаларды кішкентайынан бақытынан, балалық шағынан айырмау үшін дүние жүзінің ілгерішіл адамдары «Бейбітшілік!» деген қаһарлы ұран көтеріп, соғыс өртін тұтандырушыларға қарсы күреске аттанды. Дүние жүзінің барлық балалары ата-аналарының, апа-ағаларының қаһарлы ұранына үн қосып, бейбітшілік үшін, бақытты балалық шақ үшін күресуде.

Дүние жүзіндегі еңбекші халықтардың ұлдары мен қыздары Совет Одағына, ұлы Сталинге біздің бақытымыз, үмітіміз, деп қарайды.

Бірде Парижда халықаралық көрме ұйымдастырылды. Анри Муранш деген француз баласы совет павильонын аралап жүріп-жүріп келіп, пікір жазатын дәптерге: «Сендердің ұлы көсемдерің Сталин бары қандай жақсы!» деп жазып қалдырды.

Жас француздың таңырқауы орынды-ақ! Совет балалары — дүние жүзіндегі ең бақытты балалар. Олардың бақыты — ұлы Сталин!



Бейбітшілік жолындағы белсенді күрескер

“Оның есімін, жеткіншек, сен де естідің. 1950 жылдың аяғында Варшавада өткен бейбітшілікті жақтаушылардың Екінші Бүкіл дүние жүзілік конгресінде бейбітшілік жолында ерекше еңбек сіңірген бір топ күрескерлерге халықаралық бейбітшілік сыйлықтары берілді. Бірінші сыйлықтың бірін осы адам алды.

Ол кім? Ол Юлиус Фучик.

Ол 1903 жылы Прагада металлшы семьясында туды. Жасынан әдебиетке бейімділігін көрсетеді. Көркем әдебиетті көп оқумен бірге, өзі де шағын шығарма жаза бастайды. Оның бірінші еңбегі 15 жасында жарыққа шығады.

Реальное училищені бітірген соң, университетке түсіп, философия факультетінде оқиды. Ол тарихты, әдебиет, көркемөнер тарихын, философияны көп оқып, көп зерттейді. Марксизммен шұғылданады. Университетте студенттердің коммунистік ұйымына жетекші болады.

Бірде тоқ, бірде аш жүріп Юлиус кітап сатып алуды өмірлік әдетіне айналдырады.

Студент кезінде ол түрлі журналдарға саяси мақалаларды көбірек жазады. Фучик саяси өткірлігімен бүкіл чех халқына белгілі журналист болып алады. Ол бұл еңбектерінде қанаушы үстем тапқа қарсы күресуді насихаттайды.

1931 жылы Фучиктің өмірінде елеулі қуанышты оқийға болды. Ол Совет Одағына келуге мүмкін-

дік алды. Москвада, Ленинградта, Еділ бойында, Украинада, Кавказ, Қазақстан, Тәжікстанда болып, Днепрострой, Сталинград трактор заводын, «Гигант» совхозын көріп қайтады. Социализм елінде болған жартыжылдық саяхаты Фучик үшін үлкен саяси мектеп болды. Чехословакияға келгеннен кейін ол Совет еліндегі жаңа өмір шындығын халыққа кең таратты. Буржуазияның қуғындауына, ізін бағуына қарамастан Совет Одағы жөнінде 100-ден астам баяндама жасады.

Осындай насихаттық қызметі үшін Фучик түрмеге де жабылады. Ұлы социалистік мемлекетке келгенде көрген тамаша өмірі Фучикті қызықтырып, оны Совет елімен нағыз дос етті. Көргендерін қорыта келіп, біздің Отан жайында «Біздің ертеңіміз бүгінге айналған елде» деген кітап жазды.

1934 жылы тағы да Совет Одағына келіп, Чехословакия коммунист партиясы Орталық Комитетінің тілі «Руде право» газетінің тілшісі ретінде 1936 жылға шейін болады.

Еліне қайтып барғаннан кейін Совет Одағын жақтап еңбектер жазғаны үшін коммунист Фучикті сол кездегі чех үкметі қуғынға ұшыратады, әлденеше рет абақтыға жабады.

1939 жылы Чехословакияны Гитлер жаулап алды. Чех халқының басына қара түнек орнады. Юлиус өз халқын күреске шақырып, астыртын жұмыстар жүргізді. Чехословакия коммунист партиясының астыртын жұмыс істеуші Орталық Комитетінің мүшесі болып қызмет істеп жүргенде, Фучикті гестапошылар 1942 жылы 24 апрель күні тұтқыңға алады. Ол гестапо шенгелінде 1943 жылдың 9 сентябріне шейін болады. Ақырында ол гитлершілер қолынан ауыр азаппен қаза табады.

Фучик түрме түкпірінде, азап ауыртпалығында отырып, өзінің көргендері жөнінде ұлы еңбегін — «Дар алдындағы сөз» деген соңғы кітабын жазады.

Осы кітап оның есімін бүкіл дүние жүзіне белгілі етті. Бұл кітап аз уақыт ішінде 38 тілге аударылды (жуырда қазақ тілінде де басылып шықты).

Бұл кітапты қолына алған әрбір адам бас алмай оқып шыға-

тындығы даусыз. Өйткені, бұл кітап қайсар күрескердің халыққа қалдырған қасиетті сыры, өшпес өсиеті. Гестапошылар бір жарым жылдай жалынды коммунисті адам жаны түршігетін азапқа салады, өлімші ете соққыға жығады. Бірақ, ол гитлершілерге астыртын жұмыс істеушілер туралы жұмған аузын ашпайды, қатал күрес жүргізіп жатқан жауынгер достарының сырын жауға айтпайды.

Өлімші ауыр халде жатсада, Фучик Москвада Қызыл алаңдағы 1 — Май парадын еске түсіреді. Совет Одағының жеңетіндігіне үлкен сенім білдіреді.

Ол өзі туралы айтқанда бақытты болашақ үшін күрескенін баяндайды.

Кітаптың екінші бөлімі түрмедегі басқа адамдарға арналған Фашизмге қарсы күрес адамдарды екі жікке бөлді. Мұның бір тобы нағыз адамдар — фашизмге қарсы күресушілер, екіншісі — адамсымақтар-азғындар — гитлершілерге құлдық ұрып, халыққа опасыздық жасаушылар еді.

Фучик міне, осылардың бәріне толық сыйпаттама беріп, халық алдына тартты. Нағыз адамдар туралы ол былай деді: «Ақылды басы, асыл жүрегі бар бұл адамдарды өздеріңізге үлгі етіп, есте сақтаңыздар».

Фучиктің айтқаны келді! Көзір бейбітшілік жолында аянбай күресушілер Фучик жазған асыл адамдарды өздеріне үлгі етуде.

Фучик өзінің кітабының соңында адал ниетті адамзатқа арнап ұлы өсиет қалдырды: «Қалайық, мен сіздерді сүйген едім! Қырағы болыңыздар!»

Юлиус Фучик бұдан 17 жыл бұрын: «Бүгінде Москва — бейбітшіліктің нағыз орталығы. Адамзаттың бүкіл болашақ тарихының алғашқы тараулары осында жасалып жатыр», — деп жазған еді...

Осы сөз тап бүгін айтылғандай! Я, Фучик сыяқты халық ұлдары өмірін арнаған бейбітшілік күресін көзір Совет Одағы бастап отыр. Бұл күрес жеңіп шығады! Ол жеңіске Юлиус Фучиктің де қосар үлесі мол болады.

Бүкіл халықаралық бәйгі алған «Дар алдындағы сөз» осының айғағы.

М. МАРАЛДИН



Жаңа ертегі

М. ТИЕСОВ

Бір торғай болды. Ол жыл сайын көденің түбіне, боздың арасына ұя салып балапанын қанаттандыратын еді. Оның балапандары кей жылдары қаңғырған қасқыр мен түлкінің жемі болып кетіп те жүрді. Торғай өзінің балапандарын сол дұшпаннан сақтаудың қамын ойлап, жапан түзде жалғыз өскен кәрі теректің бұтағына ұя салды.

Жұмыртқа басып, нәр татпастан күндіз — түні ұя үстінде тұрмай жатып алды. Ол ұя басып бес күн жатты, он күн жатты, он бес күн жатты. Балапан әлі жоқ.

«Жылуым қайда кеткен. Балапан неге шықпайды, жерге кетіп жатыр ма?» — деп ойлайды торғай. Торғай бұдан кейін өзінің барлық бауыр жүнін жұлып алып, ұясының астына төседі. Сөйтіп, ол жылылық ұя ішінен ешқайда кетпейтін етті, сырттан суық өтпейтін етті.

Торғайдың еңбегі еш болмады. Әуелі бір балапан, одан соң екі, үш балапан, ақырында төрт жұмыртқадан төрт балапан шықты.

Бауырсақтай балапандардың бидай қауызынша ашылған ауыздарынан шыққан нәзік үн кішкентай ұяның ішін айқай-шуға толтырды. Әсресе, тамақ жегілері келгенде олар мүлде шуылдап кететін.

Торғай күрт-кұмырсқа, шыбын-шіркей, көбелектерді ұстап әкеліп, өзінің балапандарын мезгіл-мезгіл тамақтандырып жүрді. Көк қауырсын қанат бітіп, балапандар да өсе бастады.

Бір күні, торғай өзінің балапандарына тамақ іздеп кеткенде, қатты дауыл соқты. Бармақ басындай бұршақ аралас нөсер жаңбыр жауған соң, торғай балапандарына бара алмады. Ол бір көденің түбіне паналап отырып қалды. Өзі көде түбінде бұғып отырса да балапандарын ойлады.

«Балапандарымның басына бұршақ тиіп кетіп, жазым болғаны жоқ па екен?» — деп уайымдады ол. Балапандарын уайымдаған торғай үсті-басы су болып, тоңып отырса да, аузындағы ақ көбелекті жемеді.

«Бұл көбелекті балаларыма алып барайын, олар жауын артынан жақсылап бір тамақтансын» деп ойлады торғай.

Нөсер жаңбыр басылсымен-ақ торғай балапандарына жетуге асықты. Бағанадан бері жемей, сақтап отырған көбелегін аузына тістеген бойы ол ұша жөнелді.

Кәрі теректің бұтағына өскен селдір жапрақтар алыстан көгеріп көрінетін еді. Осы жолы жапрақ та, бұтақ та, теректің өзі де көрінбеді. Терек көрінбеген

сайын ұшып келе жатқан торғайдың кішкене көздері жасқа тола берді. Көзі жасқа толған сайын ол дәнемені көрмеді. Теректің дәл төбесіне келгенде, оның құлап жатқанын торғай бір-ақ білді. Өз көзіне өзі сенбеген торғай ұшып жүріп, теректің үстін үш рет айналды. Ұя да жоқ, ұядағы балапандар да жоқ.

Құлап жатқан теректің үстін айналып жүріп «бұл велеген бақытсыздық» дегенде, торғайдың аузындағы көбелегі жерге түсіп кетті.

Дауылдан құлаған кәрі теректің жанына жолауға батылы бармаған торғай, төбе басындағы тасқа барып қонды.

Жапан түздегі жалғыз терек кімге керек. Оған ешкім бармапты. Оны ешкім суармапты. Күтімсіз теректің өзегін күрт жепті, қабығын күн қағыпты. Ол сондықтан дауылда құлап қалыпты.

Бір жылы торғай «қыс қатты болды, қар әлі кетіп болған жоқ» деген хабармен кешігіп келеді. Келсе, дала беті өзгеріп кеткен. Торғай өзінің жылдағы жайлап жүрген даласын танымай қалды: орман орнап, ол орманның ортасынан өзен жүріп кеткен.

«Бұл қалай, солтүстіктің қалың орманы осы араға көшіп келген бе? Есіл мен Ертістің бірі осылай қарай ағатын болған ба?» деп таңданды, торғай.

Өз көзіне өзі нанбаған торғай: «Мен адасып, басқа бір бөтен жерге келген шығармын» деп, ұшып жүріп жан-жақты шолды.

Жоқ, ол адаспаған еді. Жылдағы өзі жайлап жүрген жер. Керек десең, сонау бір жылы құлап жатқан теректің қасына баруға қорқып, өзі барып қонған төбе басындағы тас та орнында тұр. Бірақ, ол төбенің маңайы жоңышқа ма, бидайық па, әйтеуір қалың көк шөп болып кетіпті. Бұл араға мұндай қалың көк шөп өскенін торғай бұған дейін көрмеген еді.

Өйткені, бұл оқыйға біздің елде бір жылда-ақ болған жаңалық еді. Алуан түрлі ағаштар сол күйінде әкелініп, жапан далаға орнап жатты. Ескі өзендер арнасынан ауысып, канал арқылы қан тамырындай далаға таралып жатты.

Алыстағы жылы жақтан ұзақ ұшып, жолда шаршап, шөлдеген торғай өзеннің жиегіне барып қонды. Мойнын созып су ішті. Сонан соң суға шомылып рахаттанды. Кешке көк жоңышқаның арасына барып тынықты. Ол тынығып жатып, быйыл ұяны қай жерге салуды ойлады. Кәрі теректің қатты дауылда құлап қалғаны әлі оның есінде еді. Сондықтан ағаш басына ұя салудан бой тартты.



«Мына көк шөп қандай қалың еді. Өзінің исі қандай жақсы. Бұл бұдан да қалыңдап өседі ғой. Кезқұйрық, құладың, қырғыйлардың бірі төбеден қалықтап төнгенде, балапандарым жасырына қалуға бұл көк шалғын қандай жақсы. Тегі, бұл арада қасқыр, түлкі сыяқты жыртқыштар да жүре алмайтын шығар.»

Олай ойлап, бұлай ойлап, торғай өзінің быйылғы ұясын жас жоңышқа түбіне салуға ұйғарды. Ұяға қолайлы, орын тапқанына қуанған торғай таңсәріден шарықтап жоғары көтерілді. Ол май айының таңында шаттанып ән шырқады.

Ол жерге қонбай, толғай-толғай шырқады. Ол таңсәріден салған әнін аспанда тұрып үзді де, төмен сорғалады. Сол сорғалаған бойы қалың шөптің арасына кеп жоқ болды. Өткен күзде трактормен аударылған, бос топрақты өзінің кішкентай аяғымен қаза бастады.

Жабағы жүндей жұмсақ, шақпақтың қуындай құрғақ шөптерді әкеліп төсей жүре, торғай ұя ішіне төрт күнде төрт жұмыртқа салды. Ұяның ішін әбден жылылап болды. Енді ұя басуға кірісті. Ол ұя басып жатқанда, шөп суаруға жіберген су бір күні торғайдың ұясын басты да кетті.

Бұрын бұл араның жері суарылмайтын еді. Торғай өзінің білместік істегеніне қатты өкінді...

Бала жудырығындай боз торғайдың балапанына деген түйір тарыдай жүрегіндегі ыстық отты еш нәрсе сөндіре алмады. Ол өзінің быйыл ағаттық жасап алғанына мұқамдады. «Жаз өтеді, қыс кетеді, көктем тағы да болады» деп ол жылдағы әдеті бойынша жылы жаққа қайтты.

Орманы жетіліп, өсіп қалған даланың қысы бұрынғысындай қатал болмады. Көктемде соға беретін қара дауыл да жылдағы әдетінше соға алмады. Соққанымен, қалың орман қатты желдің жолын бөгеп, жібермеді.

Көктем жылт етісімен-ақ торғай туған жерге қайтып оралды. Қара дауылдың енді хауіпті бола алмай қалғанына, орман ағаштарының қара дауылдан да күшті екеніне көзі жеткен торғай бір теректің бұтағына жақсылап тұрып ұя салды. Осы ұядан ол балапан ұшырды.

Балапандарын теректің басынан ұшырып, оның түбіне қондырды да торғай терекке қарап:

— Бақыт бесірі бәйтерек, алдыңызға балапандарыммен бірге басымды иіп, алғысымды айтуға лұқсат етіңіз, — деді. — Қайраулы қара балта келіп, бұтағыңызды алмасын. Бейсеуіт жайылған түйе келіп, жапрағыңызды шалмасын. Сыртыңыз өрттен аман болсып, ішіңіз құрттан аман болсын!

Осыны айтып торғай кетуге ыңғайланып еді, терек тіл қатты:

— Торғайым, тоқтаңыз. Менің де алғысымды ала кетіңіз. Торғайларға айта жүріңіз. Менің денемнің құрттан сау болуына, жапырақтарымының дерттен сау болуына сіздердің де сіңірген еңбектеріңіз аз емес. Қыядан қуатын қырғыйдан, тұра ұмтылатын тұрымтайдан аман болыңыз. Орманды жер панаңыз болсын, жасыл жапрақ саяңыз болсын. Біз жан-жануарларды, өсімдіктерді жел мен шөлден сақтайық. Сіздер оларды зиянды құрт-құмырысқа, шыбын-шіркейден сақтаңыздар. Кімде-кім өсімдіктердің өмірін сақтау үшін еңбек етсе, соның бәрін жырларыңызға қосып жырлаңыздар. Жолыңыз болсын, бақытты торғайым! — деді терек.

Торғай жыл сайын көктемде келіп өзінің үйреншікті терегіне ұялап жүрді. Оның ұясы, ұядағы балапандары, бұрынғы сыяқты апатқа, сәтсіздікке ұшырамады. Тұрымтай тұра ұмтылса, қыядан қырғый қуса, ол теректің бұтағына жасырына қалатын болды. Жер бетін тіміскілеп, тамақ іздеген түлкі, қаңғырған қасқыр да торғайдың балапандарына хауіпті болмай қалды. Жердегі аң, ирелеңдеген жылан биік теректің басындағы ұяға бара алмайтын болды. Өзіне пана, балапандарына ұя болған теректі торғай мүлде жақсы көріп кетті. Енді онымен өмірі айырыла алмас дос болып алды.

Досының өзегін құрттан, жапырағын дерттен аман сақтау үшін ол ертеден кешке дейін зиянды құрт-құмырысқаларды қыра берді, қыра берді.

Ең сүйікті дос үшін еңбек студен өз жанын кім аяйды? «Жақсы досқа жан пида» деген мақал босқа айтылмаған ғой. Жана орманның әрбір жас ағашын жан-тәнімен сүйген кішкентай торғай шаршауды, жалығуды, ерінуді таза ұмытты. Қандай да болса, досына бір пайдасын тигізу үшін еңбек етпесе, оның іші пысатып болды. Еңбекпен өткен әр минут торғайға шаттық, рахат, керемет қызық әкелді. Ал, босқа кеткен бір минут оған үлкен масқара көрінді.

Таң сарғайып атып келе жатқанда, торғайдың шаттанып ән салатын себебі неліктен деп ойлайсыз.

Торғайдың әрбір еңбек күні танның сарғайып атуынан басталады. Әрбір еңбек күн оларға жеңіс, шаттық, мереке әкеледі. Сондықтан олар әрбір таңды қуанышпен қарсы алады. Сондықтан ол қуанышын қойнына сиғыза алмай, таңсәріден ән салады. Ән салғанда торғайлар «чиррек» деп жырлайды.

Торғайдың «чире-рек, чире-рек» дегені «терек керек, терек керек» деген еді. Бірақ, «терек керек» деген сөзге тілі келмей «чирек-рек, чирек-рек» деп тұрғаны оның таң сәріден.

Сонымен «чирек-рек, чирек-рек» деген торғай әні торғай мен теректің достығынан туыпты.



МҮЗ АЙДЫНДА

АЛҒАШҚЫ ҚАР

Алматыда алғашқы қар жауған күн Сәрсенбай мен Амангелдінің әлі күнге естерінде.

Сәрсенбай ояна салып, төсектен атып тұрды да, терезеге барды. Терезенің пердесін ашып қалғанда, көзді ұялтарлықтай ақ сәуле оны бетке ұрды. Қапелімде ол қар жауып қалғандығын болжай алмаған да еді. Екінші терезе жақтан, өзімен қатар тұрған Амангелдінің:

— Қар! Қар! — деген дауысын естігенде ғана барып кеше алғашқы қардың жауа бастағаны, қардың тез қалың түсіп, жердің катуына асығып, қылаулап жауып тұрған қар қыйыршықтарына кеше алақан тосқаны есіне түсті.

Амангелдінің дауысымен балалардың барлығы да оянып кетті. Басқа балалар оянып тұрғанша, Амангелді мен Сәрсенбай жүгіріп далаға да шығып келді.

— Тура тізеден келеді екен! — деді Сәрсенбай.

— Қой, тізеге жетіңкіремейді, — деді Амангелді. — Бірақ қалың жауыпты.

Басқалар да бұл хабарға қуанысып, өзара дыбырлап сөйлесіп жатты.

— Ой, кандай рахат!

— Қуатқали, сенің шаңғың дайын ба?

— Әттең, бүгін коньки жүрмейді-ау!

Қиініп болған балалар далаға қарай жүгіре бастап еді, Амангелді оларды бөгеп:

— Босқа үсті-бастарыңды су қылмандар. Қар осы күйінше жатып қалатын болса ауланың ішіне мұз айдын жасаймыз. Содан кейін бәріміз де еркін сырғанайтын боламыз, — деді.

Алайда балалар сыртқа бір-бір шығып келіп, қарды өз көздерімен көрген соң ғана тыныштала бастады. Олардың ендігі әңгімелері шаңғы, коньки, мұз айдын жайында болды. Тамақтарын ішкеннен кейін олар мектепке де бүгін күндегіден ерте жөнелді.

АЙДЫННЫҢ ЖАСАЛУЫ

Қазақстанның басқа қалаларындай емес, Алматыда алғашқы жауған қар сол қалпында жатып қалмайды. Быйыл да мұнда алғашқы қар екі рет еріді. Тек декабрь бастала қар орнығып, күн суыта бастады.



... Төртеуі қол ұстаса мұз айдынды бойлап тағы да сырғанап жөнелді.

Суретті түсірген: П. Редько.

Дәл осы кезде ғана Фурманов көшесі мен Жас коммунарлар көшесінің бұрышындағы интернат кең ауласында қызу жұмыс басталды. Сәрсенбай мен Амангелді бастаған бір топ бала мұз айдын жасауға кірісті.

Жұмыс түстен кейін басталды. Интернаттағы 60—70 бала кезекпен, отряд-отрядқа бөлініп жұмыс істеді. Ең алдымен ауладағы жаңа нығыздала бастаған қарды бір жерге үю жұмысы қолға алынды. Сәрсенбай, Қуатқали, Төлеутай, Ойраттар мұз айдын жасалатын жерден алынған қарды ауланың қақпа, есік жақтағы дуалының іргесіне шана-шана етіп әкеп төгумен болды. Бұл жерден мұз тау жасалатын болғандықтан ол қарды жөндеп, нығыздап үю керек еді. Сондықтан да бұл жұмысты тыянақты етіп жүргізу ісі Сәрсенбайға тапсырылған еді. Айдын жасалатын жердің орнын тазалаушылар мен мұз тау үюшілердің арасындағы бәсеке жұмысты алғашқы күннің өзінде-ақ едәуір өндіріп тастады. Бірлеріне бірі байқатпай кезек қарасқан балалар әрқайсысы өз жұмыстарын өзгелерден бұрын бітіруге тырысты.

Кешке қарай Сәрсенбайлар мұз таудың қарын тегістеп үйіп болған кезде, айдынның орнын тазалап жүрген Амангелділер де жұмыстарын еңсеріп қалған еді.

— Жүріңдер, айдынның орнын тазаласа-

мыз,— деді Сәрсенбай өзімен бірге жұмыс істеп жүрген балаларға.

— Әрине, босқа тоңып тұрғанша болысу керек,— десті де балалар күрек, сыпырғыштарын алып, шаналарын сүйретіп Амангелділерге қарай жөнелді.

Ертеңінде жұмыстың ең ауыры — су құю басталды. Тағыда балалар көшеден аулаға қарай шелектеп, бөшкелеп су тасуға кірісті.

— Кешегі жұмыстан денем салдырап қалыпты,— деді Сәрсенбай Амангелдіге. — Тезірек мұз ойнақ жасап алсақ екен, дененің құрысын жазатын.

— Бүгін су құйып үлгірсек, бітпеген несі қалды дейсің.

— Су тым көп керек сыяқты. Су тасуды жеңілдететін басқа бір амал табу керек, Амангелді!

Амангелді күлді.

— Су тасыйтын жерді ауланың ішіне апарып қондырмасак, не істейміз басқа?

Бұған басқа балалар да ду күліп жіберді.

Сәрсенбай саскалақтап қалды. Мүмкін, балалар мені жұмыс істегісі келмей тұр деп ойлар, деді ол ішінен.

— Мен жалғыз өзімнің ғана қамым емес, бәріміздің жұмысымызды жеңілдетуді айтып тұрмын ғой. — Қызарақтай тұрып ол жұмысты жеңілдету жөніндегі өзінің ойындағысын айтты. Оның ойынша коменданттан өртке су шашатын шлангыны сұрап алса, жұмыс жеңілденуге тиіс еді.

Бұл ұсынысқа балалар ойланыңқырап қалды.

— Тапқан ақыл,— деді Амангелді Сәрсенбайды арқасынан қағып. Енді соны өзің барып сұрап әкел.

Суды шлангымен шашу әлдеқайда жеңіл болып шықты. Балалар айдыңның барлық жеріне бірдей етіп су шашты. Қар тауды мұзға бөлеп — мұз тау етті. Сөйтіп төртінші күні интернат ауласында 18-мектептің оқушылары жасаған мұз айдын жарқырап жатты.

АЙДЫНДАҒЫ ОЙЫНДАР

Бұл демалыста айдынды тазалауға Сәрсенбай мен Амангелдінің звенолары бөлінген еді. Бүгін жексембі болғандықтан балалар көбінесе айдында болуға тиіс. Сондықтан айдыңның бетіндегі қарды сыпырып, мұзы ұшқан жері болса оған дереу су төгіп, қатыру керек. Бұл жұмыстарды Сәрсенбай бастаған 10-15 бала таңертең

ерте, күннің аязы қайтпай тұрған суық кезінде істеп тастаған еді.

Звенолар айдынды тазалап келгенше Амангелді бұрама ойынына керекті 6-7 жалаушы әзірлеп қойған екен. Ол өзінің звеносындағы пионерлерге бүгін айдында жаңа ойын ойнайтындықтарын айтты.

Таңертең ойынға шыққан балалар айдында жыйнала бастады. Төрт-төрттен, үш-үштен қол ұстасып алып зырғыған, жеке-жеке ырғала жөнелген ойыншылардың конькилері күнге шағылысып жалт-жұлт етеді. Олардың әрі қатты қыймылдап, әрі күннің суықтығынан қызарған беттері нұр шашады. Қуанышты күлкілері жиі-жиі естіледі.

Әркім осылай жеке-жеке сырғанап алғаннан кейін балалар өз звеноларына жыйналып, топтала бастады. Енді мұз айдынында звенолардың ойындары басталды. Сәрсенбайдың звеносы хоккей ойнауға кірісті. Мұз үстінде дөңгелекті айнала тұрған он шақты бала ортадағы баланың жіберген добын сыртқа шығармауға тырысуда. Дөңгелектің ортасында тұрған Төлеутай Сәрсенбайдың дәл жанынан доп өткізуді аңдыды.

— Болмас! — дейді оған Сәрсенбай.

— Көрерміз, — дейді Төлеутай...

Айдыңның екінші жақ шетінде Амангелдінің звеносы бұрама ойынын ойнап жүр. Араларының алшақтығын бірде жақын, бірде алысырақ етіп бір сызықтың бойына 5—6 жалауша қойылған. Кезек алған ойыншы бір жалаушаның оң жағымен, екіншісінің сол жағымен кезек жанап өтуге тиіс. Егер ойыншы екі жалаушаның да оң жағымен өтсе, онда ол айып тартады — кезектегі сырғанауға жіберілмейді. Бұл ойында Амангелдінің өзінің ерекше шеберлік көрсетіп жүргені байқалады. Звеноның басқа мүшелері оның тәсілін үйренуге тырысады.

* * *

— Біздің аулада мұз айдыны осылай пайда болды,— дейді Сәрсенбай Қабаев. — Аулада мұз ойнақ жасап алудың ерекше қиын дәнненесі де жоқ. Тек ұйымдаса білу керек. — Сәрсенбайдың бұл сөзін оның жолдастары Амангелді Абдуллин, Қуатқали Хасенов, Төлеутай Тілегенов та қуаттады.

Айдыңның тарихын айтты да олар, бізбен хош айтысып, төртеуі қол ұстаса "мұз айдынды бойлап тағы да сырғанап жөнелді.

Ә. ҰРШАНХОВ.



...Сырғанақ тебер алдында.



БІЗДІҢ ПОЧТА

ТҮЗДЫКӨЛГЕ САЯХАТ

Саяхатшылар ұзақ жүріп, Тұздыкөлдің жағасына келіп тоқтады. Көлді бір-аз қызықтаған соң, олар жалғыз түп үйеңкі ағаштың түбіне алқақотан отырысып дем алды.

Аға вожатый Қадия Қананова Тұздыкөлден су алды да, арнаулы ыдысқа құйып қайнатуға кірісті. Балалар оны қаумалап:

— Не істейсіз? — деп тамашалай бастады.

— Біз кәзір, тәжірибе арқылы, судың қызған нүңытында буға айналуымен бірге, тұз қалдығының белгісін көреміз, — деді мұғалима — вожатый.

Пионерлер бір-аздан соң, 100 грамдай судан қайнай келе ыдыс түбінде 5 грамдай тұз қалдығын көрді...

Бұл саяхат оқушыларға қатты ұнады. Олар табиғаттың таңғажайып талай сырларын бақылады. Пионерлер бұдан былайғы жерде осындай саяхатқа шығып тұруға келісті.

Ж МҰҚАШЕВ.

Лебяжі ауданы, Павлодар облысы, Шарбақты жетіжылдық мектебі



ҚЫЗЫЛ ТУ-АЛДЫҚ

Бұл жыйында біздің 8-класс ерекше көзге түсті. Біздің кластың оқушылары Зина Шараниеваның, Молдабек Құралбаевтың, Мария Асқарованың, Күлтай Күлымбетованың өнерлері — әндері, күйлері, билері жұртты қатты сүйсіндірді.

Жыйынның қортындысында, біздің класқа мектептің көшпелі қызыл туы берілді.

Ә. САБИРОВ,

Туркестан станциясы, 19-мектептің оқушысы.



КІТАПХАНАМЫЗ БАР

Біздің мектептің кітапханасы әдебиетке бай. Онда: «Жас гвардия», «Орыс жері», «Абай», «Алтын жұлдызды жігіт», «Сұлушаш», «Менің майдандас достарым», Крылов мысалдары сыяқты әдеби кітаптар бар.

Біз кітапханадан әрдайым өзімізге керекті, қызықты кітаптар алып тұрамыз.

Б. ҚОЙДАРОВ,

Ойыл ауданы, Крупская атындағы орта мектеп.

ДОСТЫҚ КӨМЕК

Сабағына дайындалып болып, «Том Сойердің таңғажайып істері» деген кітапты оқып отырған Қасымбек, кенет, орнынан ұшып тұрды. Оның есіне отряд вожатыйы Досжановтың сөзі түскен еді.

— Нұрабай арифметикадан ақсап жүр, сен көмектес, — деген еді оған.

Өзімен бірге оқыйтын, бір партада отыратын досының арифметикадан екілік баға алуы, әрине, Қасымбек үшін де келіссіз нәрсе.

Міне, осы күннен бастап Қасымбек пен Нұрабай сабаққа бірігіп дайындалатын болды.

Нұрабай басқа сабақтарымен қатар, арифметиканы да енді жақсы үлгіретін болып кетті.

Т. ЕСМАҒАМБЕТОВ,

Тереңөзек ауданы, Тельман атындағы мектеп.

ТҮРЛІ ҮЙІРМЕЛЕР

Сабақты жақсы оқып, терең білім алу үшін түрлі пән бойынша құрылған үйірмелердің маңызы аса зор екенін біз жақсы білеміз. Мұғалімдеріміз үйде сабаққа дайындалуымызбен қатар, үйірмеге қатысуымызды да бақылап, басқарып отырады.

Кәзір бізде тарих, орыс әдебиеті үйірмелері бар. Бұл үйірмеге оқушылар белсене қатысады. Үйірме мүшелеріне өз бетімен дайындалуы үшін арнаулы тақырыптар беріліп тұрады.

Үйірмелер сабақ білуімізге көмек болып отыр.

К. МАЙКНОВ,

Қызылорда қаласы, 1-май орта мектебі.



ОЗАТТАР ОТРЯДЫ

— Орыс тілі оған ауырлау болып жүр.

— Біреуіміз көмектесуіміз керек.

— Мазмұндама жазуға алдын-ала әзірлеу керек оны.

— Света, Гуляға мен көмектесейін! Отряд советі председатели Света Плотникованың төңірегіне сабақ соңынан жыйналған пионерлер Гуля Сайденованың орыс тілінен екілік алып қалғанын осылай талқылап жатты. Бұл 1-тоқсанның басында болған еді.

19-отряд пионерлері бір пионерка төмен баға алып қалған күні жай таппайды. Сол күнгі жыйында отряд абройына мұндай кір келтірген кемшіліктің себебін ашуға тырысады. Гуля сабаққа құлықсыздығынан емес, орыс тіліне шорқақтығынан екілік алды. Ендіше оған көмек көрсету керек. Отряд ұйғарындысы осы болды.

...Гуляның үйі. Лена дауыстап әңгіме оқып отыр. Тыңдап болған Гуля әңгіме ғып қайта айтып берді:

— Енді мен жазамайын,— деді ол. Орыс тіліне осылай біраз жаттыққан Гуля мазмұндаманы төрттікке жазатын болды. Бұл отрядтың пионерлері класта отырса, ұшқан шыбынның ызыңы естіледі. Бар ынта — мұғалімнің сөзінде болады.

— Біз сабақтың негізін класта ұғамыз да, үйде пысықтаймыз,— деді пионерка Күләш Ендібаева.— Жақсы оқыймын деген оқушы үйге берілген тапсырманы жақсы орындауы керек. Отряд советі класс жетекшісі Наталия Федоровнаның басқаруымен жұмыс жоспарын



жасайды, сол жоспарға сәйкес быйылғы «Білім — күш», «Орыс тілі», «Білім үшін күрес» деген тақырыптарда өткен отряд жыйындары пайдалы, әрі қызық болды. Пионерлер мұндай жыйындарда қосымша көп білім алды, ой-өрістерін кеңейтеді.

Быйылғы оқу жылының басында отряд Чехословакияның Готвальд қаласындағы 15 мектептің 3 класы оқушыларынан хат алды. Чех достар: «сабақты қалай үлгіресіңдер, өз тәжірибелеріңізді жазыңдар», — депті.

Отряд бұл хатқа бірден жауап жазған жоқ. Олар көп еңбектеніп осындай жақсы нәтижеге жеткен соң ғана хат жазды. Отрядта 5 оқу озаты, 6 екпінді бар. Бірде-бір пионерка екілік баға алмайтын болды. Пионерлер мұны өздерінің чех достарына хабарлады.

О. БЕЛЯЕВА,

Алматы 25-мектеп.

СПОРТШЫ ЕСЕН

Есен — еңбек сүйгіш пионер. Көп оқыйды, сабаққа ылғи жақсы әзірленеді. Бірақ, денсаулығы онша болмай келді. Мұның өзі денешынықтырумен жаттықпандық екенін ұқтырып, достары оған физкультура, спортпен шұғылдан деп ақыл берді.

Есен денешынықтырумен күнбе-күн шұғылданды. Әр күн сайын турнирде ойнады әдетке айналдырды, ауыр нәрселерді көтеріп дағдыланды, келе-келе бокске де қатысты. Бірте-бірте жаттыға жүріп, ол жақсы спортшы болып алды. Кәзір ол Б.Г.Т.О., Г.Т.О значоктеріне норма тапсырып жүр.

Денесі толығып, бұлшық еттері өсе бастағанына Есен қуанады.

Ж АЯЗБЕКОВ,

Луговой ауданы «Алғабас» мектебі.



Ө Н Ш І

Пионер Күлсінхан Абдрасилева — өнерге ұмтылған талапты оқушының бірі. Ол жақсы оқумен бірге, әншілік өнермен де қызыға шұғылданып жүр. Кәзір ол өзі оқыйтын, Киров атындағы жетіжылдық мектепте әнхор үйірмесін басқарады.

Күлсінхан быйыл облыстық олимпиадаға қатысып,


қазақ, орыс, татар әндерін орындады. Оның әндерді шебер орындағанын жоғары бағалап, төреше комиссия оған бағалы сыйлықтар берді.

Ж. АЛДАБЕРГЕНОВ.

Алакөл ауданы,
Киров атындағы
жетіжылдық мектеп.

ТАУДАН СЫРҒАНАУ

Қыстың күні таудан шанамен сырғанақ тебу — ең қызық ойындардың бірі. Жақын маңда табиғи тау я төбе болмаса, қарды үйіп қолдан төбешік жасауға болады. Қардан тауды күн шуақ күні, қар аздап жіпсіп жатқан кезде жасау қажет. Кесек қарды бір жерге үйіп, қуыстарын ұлпа қармен толтырады. Таудың ылдый бетін тегістеп, үстінен басады. Жолдың екі жағының кемеріне қары құламау үшін, аласалау дінгектер қағады. Ылдыйдың шұғылы қырық бес градустан аспауы



керек. Тау неғұрлым биігірек және ұзынырақ болса, солғұрлым одан сырғанақ тебу де көңілдірек болады. Таудың енінде 1-3 шана қатар жүре алатындай соқпақтар болуы керек, олардың әрқайсысы қардан жасалған жалдармен бөлінеді. Таудың басында жан-жа-

ғына биік жалы бар алаңшасы болады. Оған қардан ойылған баспалдақтар арқылы шығады.

Қар тауын күн сайын бетіне су құйып мұз тауына оңай айналдыруға болады. Суды таудың басынан етегіне жая төккен жақсы.

Таудан әр түрлі шанамен сырғанақ тебуге болады. Мұзды дөңгелек етіп, беті жағынан отыруға лайықты орын қалдырып, қатырып «шана» жасап алуға болады. Отқа қыздырған шегемен бүйірінен тесіп бау өткізу керек.

Мұз шананы ескі електен де істеуге болады. Ол үшін елекке оның астынан қалың мұз қатыру қажет.

Мұндай мұз шанамен сырғанақ тебу қорқынышсыз, ол әрі алысқа сырғанайды. Сырғанаушы тау басында мұз шанаға отырып алады, бір жолдасы шананы бауынан ұстап шыр айналдырып жібереді, сонда шана зырылдауық секілді айналып, төмен сырғый жөнеледі.

Шанамен сырғанақ тепкенде тізбектеліп «поезд» құрап тебуге де болады. Ол үшін шананы біріне-бірінің тұмсығын тигізе тіркеп байлайды.

Ал, мұз шанамен сырғанақта бауларын әркім өзінің астына жыйнайды да, артындағы баланың екі аяғын ұстайды.

Таудан сырғанақ тепкенде, сол сыяқты бірнеше көңілді ойындар өткізуге болады.

Мысалы:

Сырғанайтын соқпақтың үстіне екі қақпа орнатқандар. Оның бірі таудан түсе берісте, екіншісі орта жолда болсын. Қақпалардың маңдайшасына жіңішке жіпке екі кішкентай зат ілдір. Төмен түсіп келе жатып, екі заттың бірін үзіп алатын бол. Бұл алғашқыда оңайға түсе қоймайды, өйткені, не тізерлеуге, не тік тұруға тура келеді.

* * *

Жолдың екі жағына айыр қазық қағындар. Оның үстіне биіктігі 20—21 сантиметр етіп көлденең таяқ салындар. Осындай қақпалардың бір-бірінен 10 қадам қашықтыққа бірнешеуін орнат. Шанаға етпетіңнен жатып алып, сырғанап келе жатқан бойда әлгі көлденең таяқтарды алып, бір жаққа лақтыр. Таяқты баспен немесе шанамен қағып түсіруге болмайды.

АҚСАҚ НЕГР

Көшеде ақсақ негр азап шеккен,
Тентіреп талықсыған күйге жеткен.
Арман шіркін алдамшы сағымдай боп,
Жеткізбей мазақ етіп ұзап кеткен.

Сарғайып күнде, таптап осы тұсты,
Көңілі дертті болып, кейіс құшты.
Анау зәулім үйлерден қайыр болмай,
«Жұмыс» деген көзінен бір-бір ушты.

Шаршаған сыңар аяқ жанға батып,
Кеудеден күйік шығар жалын атып.
«Уһ!» деген ыстық демі дір еткізіп,
Жүректің мұзын қозғар қалған қатып.

Есіңде сонау өткен қырғын майдан,
Негр солдат ұмытсын оны қайдан?
Оқ астында шашының ағарғаны,
Отты күндер қалайша шығады ойдан!!

Сенделіп сергелдеңде тұрған негр,
Толқынды ойға түсті әлде небір...
— Бұл жер үшін негрге олу бар да,
Бірақ оған жоқ екен еркін өмір.

Осылай деп ішінен күбір етті,
Уолл-стрит тұңғыйығын шолып өтті
Ақ үйден ақырғы рет түңілді де,
Сұстанып ақсақ негр жүріп кетті.

Н. ШАКЕНОВ.

ҚАНДАЙ ҚАСИЕТІ БАР?

Сабақтан қайтқан Сұлтан жолдасы Темірнемән үйіне келсе, атасы жұмысқа барайын деп жыйналып жатыр екен. Ол балалардың оқудан келгенін көріп, «шай қайнап тұр, өздерің құйып ішіңдер» деп шығып кетті. Екі дос жуынып, шай ішуге отырысты.

Сұлтан электр плитаның үстінде қайнап тұрған шайнекті столға алып келіп, стакандарға шай құя бастады. Бір стаканға шайды құйып болып, ол екіншісіне құя бергенде, стакан шырт етіп сынып кетті. Шынысы да, қалыңдығы да бірдей екі стаканның біреуі сынып, ал екіншісінің сау қалуына балалар таң қалысты.

— Ыстық шайды құймас-тан бұрын стаканға қалайы қасықты салу керек, — деп апам айтып отырушы еді. Мына стаканның сынбауына қалайы қасықтың пайдасы тиген болу керек, — деп Сұл-

тан жолдасына қарады.

— Онда біз — деді Темірне, — қалайы қасығы бар стаканның сынбау себебін табайық, бұл физиканың қандай заңына сәйкес келеді, соны білейік, — деп физика кітабын оқуға кірісті. Екі дос стаканның сынбау себебін іздеуге кірісті.

Ал, ардақты оқушылар, сіздер де физика сабағын оқып жүрген шығарсыңдар. Сондықтан да, қалайы қасығы бар шыны, стаканның сынбай қалу себебін ойлап көріңдер.

Ж. ӘБІЛҒАЗИН,
Ақмола қаласы.



ЖАУАП

«Пионер» журналының 1950 жылғы 10-санындағы кроссвордтың шешуі

Көлденеінен оқығанда

1. Дина. 3. Шота. 5. Шаруа. 6. Радио. 8. Қысқа. 9. Есе. 10. Касса. 12. Тырна. 14. Алмұрт. 17. Қакпан. 18. Сандап. 21. Атака. 23. Ана. 25. Барто. 29. Парта. 30. Алмас. 31. Қосу. 32. Абай.

Тігінен оқығанда

1. Дауыл. 2. Ақтөбе. 3. Шежіре. 4. Арқар. 5. Шаңғы. 7. Он бес. 8. Қора. 11. Асыл. 12. Тауық. 13. Алтын. 15. Түн. 16. Бас. 17. Қала. 19. Лазо. 22. Талап. 23. Алатау. 24. Анкара. 26. Тарас. 27. Құрақ. 28. Сарай.

Дұрыс жауабын бірінші жібергендер:

Х. Дабарова (Батыс Қазақстан), Ә. Төребеков (Оңтүстік Қазақстан).
А. Шаймерденов (Солтүстік Қазақстан), Б. Түсіпов (Балқаш).

МАЗМҰНЫ

| | |
|---|----|
| А. Кононов — «У—127» және Ленин мен бала (әңгімелер) | 2 |
| С. Машақов — Туған қала (өлең) | 4 |
| Х. Доспанова — Жақсы оқындар, жас достар | 5 |
| Ж. Молдағалиев — Мектеп (өлең) | 6 |
| Қ. Жармағамбетов — Әнші азамат (повесть) | 7 |
| Екі өмір — екі балалық шақ | 14 |
| М. Маралдин — Бейбітшілік жолындағы белсенді күрескер | 16 |
| М. Тиесов — Торғай мен терек (жаңа ертегі) | 17 |
| Ә. Нұршаихов — Мұз айдында | 19 |
| Біздің почта | 22 |
| Таудан сырғанау | 23 |
| Н. Шакенов — Ақсақ негр (өлең) | 23 |
| Демалыс сағаттарында | 24 |
| «Пионер» календары | |




Мұқабаның бірінші бетіндегі суретті салған Н. Лебедев.

Редколлегия мүшелері:

Т. Абдрахманов (жауапты редактор) К. Айманов, К. Баранов, Ә. Бектұров, Х. Доспанова, Қ. Жармағамбетов, М. Иманжанов, М. Нуртазин, Ә. Сәрсенбаев.

Редакцияның адресі:
г. Алма-Ата, проспект Сталина дом № 79, редакция журналы «Пионер».

Подписано к печати 2/II 1951 г УГ08090 Объем 3 п. л. Полиграфкомбинат Казполиграфиздата при Совете Министров КазССР. г. Алма-Ата. Заказ № 4.



ОРИСТЫҢ ҰЛЫ ПЕДАГОГЫ

(Қайтыс болғанына 80 жыл толуына)

Жас гимназист қаланың сыртындағы үйінен гимназияға жеткенше жол-жөнекей табиғаттың талай қызығына кенеледі екен, кейде әсем Деснаның жағасында айналаға көз салып, асау толқынға үңіле қарап тұратын да кездері болады екен. «Жас жанға табиғаттың әсем көрінісі орасан зор тәрбиелік әсер етеді» дегенді оның өз басынан өткен жайдан түйгені де даусыз.

Орыс педагогика ғылымының атасы болған, «Орыс мұғалімдерінің ұстазы» аталған, ұлы педагог Константин Дмитриевич Ушинский сол гимназияда оқып жүрген жас шағынан бастап өзінің саналы өмірін Отанының келешегіне, жас ұрпақтың келешегіне арнады. «Бойда барды жұрағаттарымызға беріп кетуіміз керек... Өмірімізді де солардың жолына қыюымыз керек» деп жазды ол күнделігіне, сол оқып жүрген жас шағының өзінде.

Отанын жанындай сүйген Ушинский гимназияда да, университет қабырғасында да, педагогикалық барлық қызметінде де армай-талмай еңбек етті. Оның күнделік дәптеріне қарап отырсаң, білуге, артына із қалдыруға барлық күш-жігерін, талантын жұмсағанын аңғарасың. Москва университетінде оқып жүргенде әр тәуліктің 6—7 сағаты ғана демалуға арналып, қалған уақытты білім жолына пайдаланғанын көреміз.

Ушинский онша ұзақ жасай алмаса да (46 жасында қайтыс болған), кейінгіге көп мұра қалдырды; Россияда халықтық мектептің негізін салды; жас ұрпақты оқытудың, тәрбиелеудің не қыйлы қыйын мәселелерін шешіп, мектепке, ата-аналарға жол көрсетті; бұл жайында көптеген педагогикалық еңбектер жазды. Солардың ішінде «Төл сөз», «Балалар дүниесі» сыяқты атақты еңбектері күні бүгінге дейін өзінің маңызын жойған жоқ.

Бұл аталған еңбектерінде балаға тәлім-тәрбие, терең білім берудің берік негізі салынған. Мұнда

ол өз шығармаларымен қатар, орыс жазушыларының еңбектерін, халық творчествосының нұсқаларын: мақалдарды, ертегілерді пайдаланып, тарихтан, географиядап, жаратылыс тану ғылымынан мәліметтер берген. Мектеп есігін жаңа ашқан бөбектерге бұл бұрын болып көрмеген, бірден-бір тамаша оқу құралы болды, бұл кітаптар қолдан-қолға тарады. Жарты ғасыр ішінде «Төл сөз» 146 рет қайта басылып шықты.



«Мүмкіндігі болғанша туған еліме көбірек пайда келтіргім келеді. Міне, менің барлық арманым осы. Сол арманымға жету үшін бар қаблетімді жұмсауға тиіспін» деп жазды ол 1849 жылы, барлық өмірін осы арманына жету жолына жұмсады.

АНТАРКТИДА

Бұдан жүз отыз екі жыл бұрын орыстың «Восток», «Мирный» дейтін кемелері Петербургтен алыстағы оңтүстік полюске сапар шекті. Оларды орыстың атақты адмиралдары Ф. Ф. Беллинсгаузен мен М. П. Лазарев басқарды. Бұл кемелер жолшыбай Бразилия жағалауына келіп тоқтағанда, жергілікті халық: бұлар қайда бара жатқан кемелер? — деп таңырқады. Жорықшылардың оңтүстік полюске барамыз, жаңа материк табамыз, дегеніне мұндағы жұрттың иланғысы келмеді.

Міне, сол мұз тәңірісіне қайратты орыс адмиралдары келе жатыр. Олардың жүрегі кемеңі қаусыра қыспаққа алатын көшкің мұз тауларынан да, қақаған, үскірік суықтардан да, ішін тарта соққан алай-түлей борандардан да шайлықпады. Олар мұз таулардың бір қыспағынан өтсе, екінші қыспаққа қилікті. Амалсыз кері шегінді. Мұндай жүріс-

тер талай рет қайталанды. Ақыры осындай қайрат көрсетіп ұзақ арпалысу арқасында қос кеме 1820 жылы 19 январьда 69 параллелден әрі өтті. Мұндағы көшкің мұз таулардың суы тұщы болып шықты. Жиһанкездер, бұлардың таяу жердегі құрғақ жағадан омырылып келген мұздар екенін анықтады. Оның үстіне, аспандай ұшқан құстар ұшыраса бастады. Олар да жақын жерде материк барлығының белгісі еді.

Амал қанша, полюсте күннің бар жылы кезі бітіп қалды. Енді жиһанкездерге бетті лажсыз кері бұруға тура келді.

— Біз тағы келеміз, мақсатымызға сөзсіз жетеміз! — деді қарман теңізшілер.

Сол орыс кемелері желкемдерін 1820 жылдың көктемінде, Австралия жағалауында тағы қайта көтерді.

Не сараң табиғаттың сырын ашып елінің даңқын шығару, не сол жолда құрбан болу күресі қайта басталды. Ынтымағы күшті, бойын болашаққа сену сезімі билеген батыл орыс теңізшілері ұзақ, қыйын сапар шегіп, жаңа жылды тағы Мұз мұхитының үстінде қарсы алды...

Мылқау табиғаттың күшімен январь айында осылайша арпалысып келе жатқанда, «Восток» кемесінің капитаны Беллинсгаузен дүрбі трубамен айналаға көз жіберді, оның көзіне көкжиектен қара-қошқыл жазық шалынды. Көргеніне сенбей, ол әуелі біраз үн қатбай тұрды.

— Шынымен-ақ құрғақ жағалау ма? — деді ол ішінен.

Кемедегілердің бәрі трубамен ынтыға қарай бастады. Жақындаған сайын дөңес аралдың тұлғасы бадырая көріне түсті. Сүйткенше болмады, жаңғырта үн көтеріп кемелер де жағаға тірелді. Теңізшілер қуана жыйылып үш рет «уралап» шаттық білдірді.

Олар бұл аралды Петр патшаның есімімен атады.

Етегің мұз басып жатқан бұл жер адамзатқа осы күнге дейін жұмбақ болып келген дүниенің ақырғы бөлегі — Антарктида еді.

Сөйтіп Антарктиданы ашқан біздің даңқты отандастарымыз, біз мұны заңды түрде мақтаныш етеміз.



ТАБИҒАТ ГАЗЕТИ

ЯНВАРЬ 1951 № 10 РЕДАКТОР М.ЗВЕРЕВ.

Қар - Көрпе



Январь айында жер беті тегіс ақ көрпе жамылды. Тау да, жазық та, орман да қараған көзге, үлкен кітаптің беті тәрізді — аппақ. Міне, сол тегіс ақ қардың бетімен келе жатып кей біреулер оның бетіне жазу жазады. Аңдар да қар бетін шарлап із қалдырады. Алғашқы түскен қардың беті аз күннен кейін-ақ жазуы бар қағаздың бетіндей болады.

Балалар, сендер сол қар бетіндегі ізді байқап, аңдардың түрін ажырата білетін болыңдар. Із қууды үйренсеңдер, қай аңның қайда жүретінін білесіңдер және екінші рет қар жауғанда, ізді тез ажырата аласыңдар.



Иттің, түлкінің, қасқырдың ізі

Түлкінің ізі күшіктің ізіне ұқсайды, жалғыз-ақ оның айырмасы — түлкі тырнағын жазбай, бүрістіріп жүреді.

Ит тырнағын жазып жүреді, сондықтан оның ізі де көмескі болады.

Қасқырдың ізі төбет иттің ізіне ұқсайды. Мұның да, иттің ізінен айырмасы — түлкінің ізі сыяқты — табаны жазылмай, тырнақтарының ізі бүрісіп түседі.



Жауаптар

(Декабрьде жарияланған жұмбақтардың жауаптары)

1. Календарь бойынша қыс 22 декабрьден басталады. Бұл — жыл ішіндегі ең қысқа күн.
2. Ағаш қыста өспейді, тоңазып тұрады.
3. Мысықтың ізінде тырнағының белгісі қалмайды. Олардың тырнағы жүргенде башайының ішіне қарай бүгіледі.



Қар-көрпе де жылы

Қыста жер бетін қар-көрпе жабады. Ол көрпенің асты жылы.

Қардың күздікке де көп пайдасы бар. Жер бетін қар жапқанда, күздік те желден, суықтан жасырынып көктемге дейін аман жатады. Сонан соң қар кеткенде қаулап бірден өседі.



Қыстың қандай болатынын аюдан сұра

Аю, қысқа қарай апанды ық жері таудың бауырынан, орманның ішінен, қопадан қазғанды жақсы көреді. Бірақ, қыс қатты болмай, жылы болатын болса, оны аю күні бұрын біліп апанды дөңес жерден қазады.

Оның себебі: аю қыста ұйықтайды. Қыс жылы болса, ол ұйықтап жатқанда, қар еріп апаның суға толтырады. Сонан кейін ол амалсыз апаныңан үркіп шығады.

Сұрақтар

1. Қандай аң бүкіл қыс бойы тұмсығын жерге тіреп ұйықтайды?
2. Құрбақа қыста немен қоректенеді?
3. Құсқа аштық пен суықтың қайсысы қауіптірек?